

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**10-11-СЫНЫПТАРДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» (Т1) ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН
МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР**

Әдістемелік құрал

Астана
2014

Баспаға Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған (2014 жылғы 29 тамызы № 7 хаттама)

10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар. Әдістемелік құрал. –Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 64 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің жаңартылған мазмұны тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына негізделіп қарастырылған.

Әдістемелік құрал қазақ тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

© Б. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014

Кіріспе

Қазақ елі егемендігін алып, жаңа қоғам құру жолына түсті. Осы орайда, мектеп алдындағы тұрған мақсат та зор. Мектеп оқушылары өмір жолында туындайтын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен тауып үйренуге, өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, олар үшін жауапкершілікті ала білуі, мұның өзі өмір барысында жиналатын білімнің негізі болатын өзін-өзі оқыту мен дамыту дағдыларын алуды, осы білімді шығармашылық күйде қолдана білуді меңгере алуы тиіс. Мектеп осы жағдайларда өз оқушыларының бойында жинақылық, серпінділік, сындарлылық қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне әзірлеуі тиіс.

Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді көзқарас пен жоғары білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметке қатыстыру, қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің таңдаулы дәстүрлеріне сәйкес жалпы орта білімнің инновациялық моделін құру осы заманға сәйкес білім берудегі объективтік қажеттілік болып табылады.

Осыған орай, адам өмірінің түрлі салаларында прогрессивті өзгерістерге бағытталған идеяларды ұсынуға қабілетті, дарынды, зияткерлік дамыған адамдарға қажеттілік туындайды. Сондықтан, бүгінде әлеуметтік экономикалық өзгерістер жағдайында мемлекеттің дамуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға белсенді ықпал ететін жоғары білімді, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруда қоғамның қажеттілігі өзекті болып тұр.

Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы жолдауында «Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет» — деп атап көрсетті. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Назарбаев зияткерлік мектептерімен бірлесе отырып, жалпы орта білім беру мектептерінің білім мазмұнын ішінара, толықтай жаңарту жұмыстарын жүргізуде.

Осы бағытта Қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламасын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, ҚР Жалпы орта білім беретін мектептері, Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Кембридж университетінің Халықаралық емтихан орталығымен бірлесіп құрастырған 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына негізделген. Әдістемелік құрал тапсырмаларын құрастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесіне сүйене отырып жазылды. Әдістемелік құрал оқушылардың қоғамға араласуға қажетті жазылым, айтылым,

тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытады. Берілген мәтіндер арқылы еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады. Оқушылар кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметтерді алады, әртүрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды, өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөліседі.

Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру — әдістемелік құралдың негізгі ұстанымдарының бірі. Оқушылар көркем-әдеби, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарымен (газет-журналдар т.б.) таныса отырып, танымдық дағдыларын арттырады, сыни көзқарастарын білдіреді, түсініктерін дамытады, білім әлеміне жол ашады. Алған білімдеріне талдау жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады.

Оқушылар берілген мәтіндер арқылы қоғамға араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытады. Тіл арқылы оқушылар еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады. Кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметтерді алады, әртүрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды, өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөлісе алады.

1 10-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т1) пәніне арналған дидактикалық материалдар

I Қазақстандағы әлеуметтік теңсіздік

1-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыздар. Негізгі ойды анықтап, өз көзқарастарыңызбен дәлелдеп айтыңыздар. Жұмыссыздық, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік тақырыбының себептері туралы пікір таластырыңыздар.

Заманның бұлай аяқ асты құбыларын кім білген? Жаңадан отау көтерген жас шаңырақ біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жатқан-ды. Көңілдерінде титтей қаяу жоқ. Білетін жұрт бұларға қызыға қарайтын-ды. Баймырза құрылыста жетекші инженер, Бисара - өз ісіне тыңғылықты озат мұғалім. Үйленгендеріне жыл толмай, осы Айсара келді дүниеге. Сондағы Баймырзаның қуанғанын айтпа! «Қызымыздың есімі мамасына ұйқас болсын» деп, Айсара деген атты таңдаған өзі болатын. Содан арада екі-үш жыл өткенде Айбек атты ұлдары туды. Бисара қандай бақытты еді сол кезде! Бұлар басқалар сияқты пәтер қиыншылығын да тартқан жоқ. Басында комбинаттың жатақханасында тұрды да, көп ұзамай үш бөлмелі үйге көшті. Бұл кезде Баймырзаның қызметі жоғарылап, комбинаттың бас инженерлігіне көтерілген. Ақшаларын үнемдеп, үйлеріне жасау-жиһаз алды. Баймырзаның «Жигулиге» қолы жетті. Бисара жарқырап бриллиант тақпағанымен, алтын жүзік, алтын сырғадан кенде болған жоқ. Осылай ел қатарлы жүріп жатқанда, тоқсаныншы жылдар басталып, дүние астан-кестен болды да кетті. Соған дейін тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған комбинатқа не жын жабысқанын кім білсін, аяқастынан «банкротқа» ұшырап, жабылып қалды. Күні кеше қаны жерге тамбайтын құрылыс инженері бұлайша керексіз боп қалады деп кім ойлаған? Кәсіпсіз қалған Баймырза олай-бұлай шапқылағанмен, еш жерден жұмыс таба алмады. Бисараның жалақысы әжептәуір сияқты еді, ақша ауысып, құнсызданған кезде, ол да түкке тұрмай қалды. Соның өзін кейде екі-үш айға дейін ала алмай жүреді. Ақыры шарасы таусылған Баймырза: «Осы менің дәл қазір машина мінген не теңім?» деді де, «Жигулиін» сатып тынды. Өз бағасынан арзандау кетсе де, әжептәуір ақша болып еді. Бірақ бұл қырсыққа не дауа, бұлар ел аман, жұрт тынышта сол ақшадан да айрылып қалды-ау! Оған да себеп болған - Бисараның өзі. Сол жылдары осы Алматыда қойған ақшаңа ай сайын елу процент өсім төлейтін «Смағұлов фирмасы» дейтін бір «банкі» ашылмады ма.

Бір күні мектепке барса гу-гу әңгіме:

- Ойбай, жалпақ елді жарылқайтын Смағұлов деген бір азамат шығыпты...
- Банкісіне мың теңге қойсаң, келесі айда екі мың ғып қайтарады екен!
- Бизнес неге жаман болсын. «Ақшаны ақша табады» деген осы! — десіп әйелдер желпілдесіп жүр. Сенбейін десе, бірнеше мұғалім өткен айда әлгі банкіге ақша қойған екен, кеше барып соның өсімін алып қайтыпты. Қолдарында табақтай

таңба басылған құжат. Күдікке орын қалмаған. Жерден алтын тапқандай, осы хабарды үйге айтып келген Бисара еді. Басында Баймырза бәлендей ықылас таныта қоймады.

– Қой, жай сөз болар. Ай сайын елу процент өсім беретін банкі болушы ма еді?! – деген онша илана қоймай. Бірақ желігіп алған Бисара құлақ етін жей берген соң, Баймырза ақыры сол жаққа барып қайтты. Рас екен. Төле би мен Саин көшелерінің қиылысында сондай бір банкі ашылыпты. Бірақ кісі көп, кезекке тұрғандар келесі күні зорға ілінетін көрінеді, — дегенді айтып келді.

– Әне, айтпадым ба? Пайдасына көзі жетпесе, сол жұрттың бәрі текке жүр дейсің бе? – деп Бисара тіпті жаныға түсті. Содан, не керек, бұлар машинадан түскен төрт мың долларды сонда апарып қоятын болды. Есептеп көрсе, тіпті ғажап: жаңағы төрт мың долларыңыз келесі айда алты мың, одан арты айда тоғыз мың... Осылай өсе бермек. Жұмыссыз үйде жатып-ақ байып кетуге болады. Көңіл бірден көтеріліп кетті. Жасасын капитализм! Жасасын бизнес! Әй, бәсе, капитализмнің осындай бір кереметі болса керек еді. Жұрт қатарлы соның жемісін татпай, бұларды жын қағып па?! Ақыры ақшаларын алып барған. Өзгесін қойшы, ерлі-зайыпты екеуі күндіз-түні кезекте тұрып, екі күн дегенде зорға өткізді. Құдай-ау, кімдер жоқ дейсің бұл арада? Жұмыссыз қалған жастар, пенсияға қарап отырған өлмелі кемпір-шалдар. Қайтсін байғұстар, жиған-тергенін банкіге қойып, соның өсімімен жан сақтамақ. Біреулер басындағы үйін, астындағы машинасын сатып, ақшасын шұғыл өткізіп жатқан көрінеді. Қазақ мұндайда өзінен гөрі өзге жұртқа көбірек сенеді ғой. Сол «өзге жұрт» өкілдерінің қаптап жүргенін көріп, көңілдері орныға түсті... Өсім алып шыққандар ақшаларын қобырата санап: — Үкіметтен енді қайыр жоқ. Құдай осы Смағұловқа денсаулық берсін! — десіп алғыстарын жаудырып барады...

Ақ «Жигулидің» ақшасы кассаға түсіп кеткеннен кейін де Баймырзаның күдігі тарқамай жүрді. Құдай бірдеңені сездірді ме екен, Смағұлов туралы сөз болса:

– Әй, білмеймін, осының артында бір шикілік бар. Келесі айға аман-есен жетсек, ақшамызды қайтарып алайық та, тынайық! — деп жүрген-ді. Амал не, соған үлгермеді ғой! Баймырза межелі уақытта барса, «бұл айда айналымнан қаржы түспей жатыр. Келесі жолы екі айдын өсімін бір-ақ төлейміз» — депті. Сөйтсе, онысы аярлық екен, бір күні теледидардан Смағұловтың қашып кеткені туралы хабар берілді. Халықтың мың-миллион ақшасын алған да, шетелге тартып отырған. Қайғылы хабарды естігенде Бисараның жүрегі тоқтап қала жаздады. Көз жасына ие бола алмай ағыл-тегіл жылағаны есінде. Тәңірім-ау, сонда үкімет қайда қараған? Смағұлов деген біреудің жыл бойы жұрттан ақша жинап жатқанын білмеген бе? Білсе, ондай алаяқ тапа-тал түсте қалай қашып кетеді? Әнеу күні ғана жиналған жұртты маңына жолатпай күзетіп тұрған қарулы сақшылар қайда? Түсінсе бұйырмасын! Баймырза, қанша дегенмен, еркек емес пе, жиған-терген бар ақшасы күйіп кетсе де, сыр бермеді.

... Жұпыны киініп алады да, күнде ертемен көшеге шығып кетеді. Сөйтсе, Сейфуллин даңғылының бойында лек-лек болып отырған жұмыссыздар тобына барып қосылады екен. Сол жерден бір күндік, үш күндік, кейде бір апталық көтерме жұмыстар табылатын көрінеді. Біреулер саяжайын жөндетеді, енді біреулер отын жарғызып, көмір тасытады. Үй әктетіп, обой жапсыртатындар да бар. Баймырза қолынан келмейтіні жоқ, құрылыс жұмысына бесаспап, шебер болатын. Пайдалырақ жұмыс табылғанда, үйге әжептеуір ақша әкеліп жүрді. Кейде қазіргі халіне намыстанып:

– Өзгесін қойшы, жұмысқа жалдайтындар бір ат сатып алғалы тұрғандай, баста аяғыңа барлап қарайтыны, кейде қарыңнан ұстап, білек күшінді тексеретіні жаман, - дейтін мұңая тіл қатып. Бисараның ойында ештеңе жоқ: «Еркек болған соң балашағасын асырауға міндетті» деп отыра беріпті ғой. Баймырза әлгі Айсұлу деген сылқыммен сол Сейфуллин көшесінің бойында танысыпты. Бір күні көше жиегінде топтанып тұрған жігіттердің қасына бір су жаңа шетелдік машина келіп тоқтайды. Оның ішінен былқ-сылқ басқан кербез келіншек шығады. «Келіншек» дейді-ау, қырыққа келіп қалған қатын... Бірақ боянған, сыланған. Киім дегенің малынып тұр. Аяғың сәнмен басып, бұлардың қасына жақындайды да: - Араларыңда маман құрылысшы бар ма? - деп сұрайды. - Әктейтін, сырлайтын, сантехниканың жайын жақсы білетін... Сол маңайда бос жүрген құрылысшылар аз емес-ті. Тұс-тұстан «мен-мен» десіп тұра жүгіріпті. Айсұлу сұм да қырағы ғой, көзі бірден Баймырзаға түссе керек.

– Сен бастық боласың! - дейді оған сүзіле қарап. - Қасыңа екі серікті өзін тандап ал! Баймырзаның маңында сыралғы жігіттер тұр екен. Сол арада үш кісілік бригада лезде құралып қалады.

– Онда не тұрыс бар? Кеттік! - дейді Айсұлу машинасын көлденең тартып.

Содан үш жігітті машинаға мінгізіп алады да, Көктөбенің бөктеріне қарай тартып отырады. Осында жанадан салынған қос қабатты коттедждің әлі бітпей тұрған кеміс жерлері бар екен. Бұларды сол жұмысқа жалдайды. Ақшаның бетіне қарамаса керек, жігіттермен саудаласып жатпай, сұрағандарын беріпті. Бұл әңгімені алғашқы күні-ақ Баймырзаның өзі айтып келген. Содан құлағында қалғаны. Бұлар сол жерде үш айдан астам жұмыс істеді. Коттедждің кем-кетігін жөндеп, іші-сыртын әктеген, сантехникасын орнатқан. Орны қазылған ауладағы бассейндің табанына тас қалап, қабырғасын мәрмәр кафелмен шегендеп шыққан... Обалы қанеки, табысы жаман болған жоқ. Анау-мынау жігіттің бір жылдық жалақысын үш айдың ішінде-ақ тауып қайтты [1].

2-жаттығу. Мәтінді оқыңыздар. Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыздар.

Кедейлер кімдер?



1-сурет – Кедей

Осы аптада «*Forbes Kazakhstan*» журналы еліміздегі байлығы асқан елу азаматтың тізімін жариялады. Дүниесі миллионды артқа тастап, миллиардтармен өлшенген қалталылар қатарына қазақтың кешегі қарадомалақтарының да қосылғанына қуандық.

Байларға әркім көзін тігеді. Тіпті, халықаралық шығармашылық топтар да олардың дүние-мүлкін санап, қызығушылық танытып жатады. Байлардың мұны аз ғой. Ал, кедейлерді (1-сурет) кім көзге іліп жатыр? Ақын Иран-ғайып жазғандай, «өмір сүрмей, өмірге сүріліп жатқан» қазақтарды санап, олардың мүддесін қаншалық ойлап жүрміз? Осы сауалды алдымызға көлденең тартып көрдік [2].

Қырық жанымызға қорған болған 43 тауар

Бүгінгі күні елімізде ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыс табатын халықтың үлесі 5,3 пайызды құрайды екен. Мұны өткен айларда Парламентте есеп берген ҚР Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смайылов мәлімдеді.

«2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңның 9-бабына сәйкес, 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде жалақының ең төменгі мөлшері — 17 439 теңгені құраған. Статистика агенттігі күнкөріс минимумын да 17 439 теңге деп белгіледі. Бұл — адам бір ай бойы 17 439 теңгеге өмір сүре алады деген сөз. Яғни, біздегі бекітілген заң бойынша, азық-түлік себетіне енетін тауарлардың бағасын есепке ала отырып ұсынылған сома.

Әрине, 17 мың қалталы адамның бір шәй ішкенінен артылмайды. Ал, әлеуметтік жағдайы төмен адамдар үшін 43 тауар мен қызмет түрінің бағасы деп белгіленді. «Тарта жесең, тай қаладыны» алға тартса керек, мұның 20,3%-ы — ет пен балық сатып алуға, 14,8%-ы — сүт, май және жұмыртқа алуға, 14,6%-ы —

жемістер мен көкөністерге, 7,7%-ы — нан және жарма өнімдеріне, ал, қант, шәй және дәмдеуіштер үшін 2,6%-ы жұмсалады дейді агенттік дерегі.

Ресейде ең төменгі деңгейде өмір сүру үшін ай сайын 156 түрлі тауар мен қызмет түрі қажет деп есептеледі. АҚШ-та бұл көрсеткіш — 300-ді, Францияда — 250-ді, Англияда — 350-ді, Германияда 475-ті құрайды.

Атап айтарлығы сол, Ресейде күнкөріс минимумы белгіленгенде әр адам үшін 18 шаршы метрлік өлшемдегі баспана шығыны қоса есептелген. Оның сыртында арнайы мәдени орындарға бару ақысы тағы бар. Яғни, бұл ел ең тұрмысы төмен халықтың өзі мәдени орындарға барып, көңіл көтеруге, дем алуға хақылы деп біледі.

Спортпен айналысып, мәдени орындарға баруға, тағатын мойын шәлі мен орамалына, тұтынатын көрпе-жастығына дейін есептеу, әрине, өркениетті елдердің бәріне тән.

Тағы да айта кету керек, біздің еліміздегі күнкөрістің ең төменгі сатысындағы азаматтар үшін белгіленген азық-түлік тұтыну себетінде бар болғаны 43 түрлі тағам мен қызмет түрі бар. Олардың 40%-ы - азық-түлік өнімдері [2].

88 мың адам кедейшілікте күнелтуде

Биылғы ақпанның 28-інде еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі «Қазақстан Республикасы аз қамтылған азаматтарына әлеуметтік көмек көрсеу критерийлерін бекіту мақсатында атаулы әлеуметтік көмек көлемін анықтау үшін Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің өткен тоқсанға есептеген 2012 жылғы екінші тоқсанындағы кедейлік шегін төменгі күнкөрістің 40%-ы деңгейінде анықтауды бұйырамын», - деген құжатқа қол қойды.

Бұл — күнкөріс минимумы 17 439 теңге десек, биылғы жылы кедейліктің шегі 6 975,6 теңгеге теңестірілді деген сөз. Яғни, бізде осы сомадан бір тиын артық табыс таппайтындар ғана кедейлік табына кіреді. Айталық, бір отбасында үш адам болып, үйге 21 мың теңге көлемінде кіріс кіретін болса, олар кедейге жатқызылмайды. Коммуналдық шығындары, тамағы, білім алуға немесе жұмысқа баратын жолкіресі, қысқасы барлық шығыны сол 21 мыңмен қамтылады деп есептеледі.

Десек те, осы кіріске де қол жеткізе алмай отырғандар да аз емес екен. Статистика агенттігінің мәлімдеуінше, 2011 жылы еліміздегі 16734 мың адамның 0,5%-ы, яғни 83670-сі азық-түлік қоржынының құнынан төмен табыспен күнелтетіні анықталған. Ал, табысы күнкөрістің ең төменгі шамасынан төмен халықтың үлесі — 5,3%, яғни, 886902 адам. Бұл өткен жылға қарағанда кедейшілік 28 пайызға қысқарғанын білдіреді дейді агенттік.

Айта кетер бір жайт, алға үлкен міндеттер қойылып, түрлі әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылып жатқан елімізде елдің әл-ауқатын жақсарту бағытында мемлекет тарапынан әртүрлі жәрдемақылар қарастырылған. Жалпы айтсақ, қазір бес миллионға жуық отандасымыз, яғни, халықтың үштен бірі

әртүрлі әлеуметтік жәрдемақы алады. Мұндағы мемлекеттік төлемдердің 61%-ы балаларға тиесілі. Бұл, әрине, елде демографиялық өсу үрдісі орын алғанын көрсетеді. Әлеуметтік зерттеу мәліметтеріне қарағанда, біздегі негізінен кедейшілікке бейімдер осындай еңбекке қабілетсіз балалары, зейнеткерлері, мүгедектері бар отбасылар. Ал, жаңа шаңырақтың бой көтеруімен қатар, ең бастысы, баспана мәселесі бірге туатынын ескерсек, отбасына тырбандап жұмыс істегенде кіретін кірісі пәтер жалдауға кететінін тағы да түсіне беруге болады. Алайда, 17 439 теңгеге бір адам бір ай өмір сүре алады деп күнкөріс минимумын белгілеген билік әр адамның баспана үшін жұмсайтын шығынын қарастырмаған.

Бұл орайда, қалаға жұмыс іздеп келген көп қазақ қалталы азаматтардың табысының құрбанына айналады. Олай дейтініміз, нарықта тариф орташа жалақы мөлшеріне қарай белгіленеді. Ал, орташа жалақы екінің біріне тие бермейді. Айталық, Астанада бүгін 30-40 мың теңге жалақыға жұмыс істейтіндер де көп.

Қала кедейшілігіне қатысты тағы бір мәселе, жұмыссыздық едәуір азайып келеді дегенмен де, қалада ең төмен табыс табатындар — өз бетінше тіршілік жасайтындар. Әлеуметтанушылардың айтуынша, өлместің күнін көрем деп, жеке кәсіппен айналыса бастағандар мемлекет тарапынан бақыланбайды.

Десек те, республика бойынша, кедейшілік негізінен ауылды жерде орын алған. Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смайыловтың соңғы мәлімдемелеріне сүйенсек, ауыл тұрғындары арасындағы кедейшілік қалалықтарға қарағанда екі есе үлкен. Сол себепті де, әлеуметтік көмек алатындардың 60%-ы ауыл тұрғындары болып келеді [2].

Сөз соңы

Байлар мен кедейлердің әлеуметтік жағдайы арасындағы алшақтық — өмірдің қалыпты құбылысы. Коммунизм орнатамыз деп ұрандатқан Кеңес үкіметі де әлеумет теңдігін қалыптастыра алмады.

Тарихқа зер салсақ, бай мен кедей теңестірілген заман ежелгі Иллада елінде ғана болған. Әділеттілік, ортақтық принципін ту еткен Ликург заңы бойынша, бұл елде «менікі» емес, «біздікі» деген сөз жасады. Барша қауым ортақ дастарханнан дәм татып, бірдей өмір сүретіндей жағдайға жетті. Көппен бірге тамақтанбай, тартыншақтай бергендерге «жасырын тамақтанып, өзгелерден бөлектеніп жүр» деген айып тағылған...

Бүгін, әрине, ешкім ешкімнің аузын аңди алмайды. «Мен қара базардан киім киіп, базардан азық-түлік алып жүрмін, сен неге супермаркеттен аласың?» деп, ешкім ешкімді сөге алмайды. Тіпті, «мен сенен гөрі көп жұмыс істеймін, бірақ неге тоя тамақ жемеймін» деп де ешкім ешкімді жазғырмайды.

Әйтсе де, қазақ журналистикасына өшпес із қалдырған Камал Смайылов: «қазақ жері 20, 30 миллиард адамды асырай алады» деген. Африканың да жерінің асты бай, ал қамсыз болғандықтан халқы кедей екенін еске салған.

Қазіргі күні Қазақстанда кедейлер 5-6 пайыз ғана дейді статистика. Еуропа

елдерінің ең кедейі аз дегендерінде кедейлер 9 пайыз болса, бізде 5-6 пайыз екен. Үкіметтің есебіне қарағанда, біздің халық бай тұрады. Жағдайы, тіпті, Еуропа елдерінен де жақсы сияқты... Бірақ, көз алдымыздағы шындық сол: қазақтың үштен бірі - үйсіз, күйсіз. Орташа жалақы республика бойынша 128 мың теңге болса, ондай жалақының бес адамның біреуі алмайды. Банктегі есеп шоты барлар қазақстандықтардың 17 пайызы болса, бүкіл банктегі депозиттердің 50 пайызы халықтың 0,1 пайызының үлесінде. Яғни, байлық санаулылардың ғана қолында.

Ендеше, ойланып көрейікші: кедейшілік деген не? Қалың көпшілік жүретін орындарда алақан жайып, қайыршылық жасап отыру ма? Әлде дорбаны иыққа асып алып, көше кезіп, диуаналық ету ме?...

Бәлкім, әркімнің байлыққа ұмтыла білуі қажет те шығар?...[2].

II Өнер және әдебиет: көркем жеткізудің әртүрлі жолдары

3-жаттығу. Мәтіндерді ЖИГСО стратегиясын қолдана отырып, салыстырып оқыңыздар. «Сөз өнері - дертпен тең» тақырыбында эссе жазыңыздар.

Әдебиет – өнердің бір түрі, сөз өнері дедік. Ал өнер жайлы сөз қозғап, сол өнерді жасаушы шебер жөнінде үндемей өтуге болмайды.

Әрине, бұл – тым күрделі мәселе. Мұны жан – жақты сөз ету творчествоның психологиясын байыптау болып табылады. Ал творчествоның психологиясы – өз алдына жеке пән (предмет). Демек, әдебиеттің теориясы мен творчествоның психологиясын шатастырмау керек. Дегенмен суреткер кім, оның қоғамдық тұрпаты, тұлғасы қандай? Талант табиғаты деген не? Мұны жауапсыз қалдыру жөнсіз. Талант атаулы қашаннан халық құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген.

Асылы, суреткер сипатын оның азаматтық рухынан, қоғамдық бітімінен бастаған жөн. Тума көркемдік қабілет кез келген кісінде бар. Олай болмаса, кез келген кісі өнерді де, көркем әдебиетті де жан-жүрегімен қабылдап, сезіне, түсіне алмас еді. Дегенмен материалистік эстетика нағыз суреткерге тән бірнеше ерекшеліктерді тізіп, талдап, сол арқылы талант табиғатын сипаттайды.

Біріншіден, сезім. Нәзік сезімталдық. Өзін қоршаған өмірден әрқашан тың құпиялар іздеп, айрықша әсер алу, көз алдындағы құбылыстарды ерекше сезіну, нәзік түйсіну, сезінген-түйсінген шындығына бейтарап қала алмай, тербеле тебірену, көкірегінде көл-көсір сыр ұялату, - бәрінен бұрын, – ақынға тән қасиет. Ал суреткер, – бәрінен бұрын, – ақын. Бұл ерекшелікті «Гетенің қазынасы» деген өлеңінде Баратынский дәл суреттеген:

Жасыл шөптің тілін ұғып кезінде
Жапырақтың сәл дірілін сезінген,
Жұлдыздармен жымындасқан, ымдасқан,
Жал толқынмен ақылдасқан, мұндасқан.
Жаратылыс – табиғатпен бір туған

Жан еді ол кеудесіне нұр тұнған,
Одан бүгін қалған адам сыры жоқ!

Мұншалық тамаша эмоция ірі таланттың табиғатындағы аса мағыналы сипат екені даусыз: Пушкин мен Абай, Достоевский мен Әуезов, Маяковский мен Мұқанов ... – бәрінде де сондай ерекшелік болған.

Екіншіден, бақылау. Жіті бақылағыштық. Нәзік сезім көреген, дәл бақылауымен ұштасып жатады. Көрмесе, сезім қайдан болмақ. Мұның өзі талант табиғатына тән сезімталдықтың ақиқат шындыққа, өмірдің өзіне негізделген мазмұнын танытпақ.

Үшіншіден, қиял. Творчестволық фантазия. Бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял – таланттың серігі. Мұның өзі ойдан шығара білушілік. Ал ойдан шығару жоқ жерде жалпы әдеби шығарма болуы мүмкін емес. Гегель: «... суреткердің творчестволық фантазиясы – ұлы ақыл мен жүрек адамының фантазиясы», – десе, Ленин де фантазияның барлық творчествоға тән сипат, ұлы қасиет екенін айтқан: «Тіпті, ең бір дәл ғылымның өзінде де фантазияның рөлі зор екенін жоққа шығару бекер».

Төртіншіден, интуиция. Мәселен, өлең жазу – есеп шығару емес. Есеп шығаруда белгілі ереже, амал, тәсіл болса, өлең – ішкі терең, табиғи тербелістің, тебіреністің нәтижесі. Бұл арада да ақынды салқын ақыл емес, ыстық сезім билемек.

Бесіншіден, өмірбаян. Ғұмырнама. Тәжірибеде молдығы. Тіршілікте көрген-білгені, ұққан-түйгені көп адамның таланты да күшті, мықты. «Өмірі мазмұнды кісінің творчествосы да мазмұнды» болатынын Ибсен біліп айтқан.

Алтыншыдан, парасат. Сананың саралығы. Құр соқыр сезіммен, бір ғана интуициямен ұзаққа, билікке шырқау мүмкін емес. Шын талантқа шындықтың парқын білетін сарабдал сана, мол парасат керек. Бүгінгі буржуазиялық эстетика бұған қарсы, суреткердің саналылығын емес, сәбилігін жақтайды, өмірдің қайшылығын көрмеуін қалайды.

Жетіншіден, шеберлік. Нағыз маман суреткерге тән кәсіби шеберлік болмаған жерде суреткерлік даналық та жоқ. Даналық – еңбек сүйгіштік. Талант – бәрінен бұрын еңбек, содан соң батылдық деп те тегіннен-тегін айтылмаған. Қатал тәртіп, азабы ауыр еңбек жоқ жерде жібі түзу қаламгер де болмақ емес.

Өнердегі шын шеберлікке апарар жол – шыдамды еңбек, дилетанттыққа (үстірттікке) – шыдамсыз шалағайлық. Шын шебер шеберленген сайын қинала, терлей түсуге тиіс. Ал шеберлік шексіз. Бұл туралы әйгілі жапон суретшісі Хокусай былай деген : «Алты жасымнан-ақ айналамнан не көрсем, соның бәрінің суретін сала беруге талпындым. Жарты жүз жыл ғұмыр сүріп, көп гравюра жасадым, бірақ біріне көңілім толған жоқ. Құстың, балық пен өсімдіктің дәл тұр-тұрпаттарын қандай болатынын жетпістің үшеуіне келген соң ғана аздап ұға бастадым. Сондықтан жасым сексенге жетпей өнерім өсіп-жетіліп болар емес. Тек тоқсан жаста ғана күллі дүниені құпияларын тереңірек түсіне алсам керек. Өзім

жүзге жеткенде ғана өнерім әбден жетілер деп жүрмін, ал егер жарық дүниеде жүз он жыл жасадым бар ма, қаламым тиген жердің бәрі аумаған өмірдің өзі болар да шығар еді».

Сегізінші. Шабыт. Шалқыған шабыт болмайынша, шеберліктен де ештеңе шықпайды. Шабытсыздық, қабілетсіздік, қабілетсіздік – дарынсыздық, дарынсыздық – талантсыздық. «Ең арғы жағы геометрияға да шабыт керек» (Пушкин). Адам биік мақсатқа, асыл мұратқа іс жүзіндегі шабытты еңбек арқылы ғана жетпек. Суреткердің шабыты кең көлемдегі халық мүддесіне негізделуге, ақиқат өмірге тамыр тартуға тиіс. Сонда өнер өзінің биік мағынасын табады. Өйткені нағыз шалқар шабыт, творчестволық құлшыну мен құштарлық, Станиславский айтқандай, суреткердің өнердегі өзін сүюін емес, өзіндегі өнерді сүюінен туады [3].

Өнер және оның түрлері

Не нәрсенің болса да теориясын пайымдамас бұрын, алдымен, оның өзін анық танып, біліп алған жөн.

Ал осы әдебиет дегеніміздің өзі не?

Әрине, ана тіліміздегі *әдебиет* деген сөздің түп төркіні арапша атаудан шыққанын – сөз, асыл сөз деген мағанасы бар екенін, орысша *литература* деген атаудың латын сөзі екенін – әріп, жазу-сызу деген мағанада қолданылғандығын білу онша қиын емес.

Әдебиет – өнер. Өнердің түрі көп емес пе: кескін өнері (живопись), мүсін өнері (скульптура), сәулет өнері (архитектура) т.б. Ал әдебиет қандай өнер?

Әдебиет – сөз өнері.

Мүсіншінің құралы – саз балшық, суретшінің құралы – бояу, әдебиетшінің құралы – тіл. «Сөз әдебиеттің құрылыс материалы» (Федин).

Қоғамдағы сананың айрықша саласы – өнер десек, мұның жалпы адамзат мәдениетінен алар орны өзгеше, адамдардың парасат әлемінде атқарар қызметі орасан зор. Өнердің көп салаларының ішінде ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі – көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра өзгешелігі де мол. Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын; сөз – бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар; әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл – көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу, тіпті тұсау екені рас. Бірақ мұның есесіне, әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі нақты, театр тілінен гөрі затты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасында бүгін кеште жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де – нақтылық та, заттылық та бар. Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін - бар өнердің басы,

«өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғары түрі» (Белинский) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының «өнер алды – қызыл тіл» деген білгір тұжырымы да тегіннен-тегін тумаған-ды.

Көркем сөз – құдіретті нәрсе! Оны әзілге саю да, оны әжуалау да – ақылдан кенде пенденің қылығы. Тарих мұнары бұлдыратып тастаған заманалар мен дәуірлерге қараңыз! Парасат дүниесінің биік шындары ғана ақыл ой аспанының алып тіреулеріндей қадау-қадау шаншылып тұрып қалған. Олар кімдер? Хан ба, патша ма? Жоқ, мен өнер иелері – ғалымдар жазушылар... Осы ғасырдың нақ басында А.С. Суворин өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазды: «Біздің патшамыз екеу: II Николай мен Лев Толстой. Екеуінің қайсысы күшті? II Николай Толстойға түк қыла алмайды, оны тақтан қозғай алмайды, ал Толстой ше: қаһарға мінсе, Николайдың тағын династиясымен қоса теңселтіп, төңкеріп түсіре жаздайтыны күмәнсіз».

Бұл арада сөз өнерінің адам қоғамындағы аса зор қуат күші жатыр. Максим Горький 1912 жылы И.Д. Сургучевқа жазған хатында «Русьтегі ең жауапты және қиын қызмет» – патшаның қызмет емес, әдебиетшінің қызметі екенін айта келіп, «егер әдебиетші өзін шын мәнінде әдебиетшімін деп сезінсе, тек әдебиетші қалпында қалуын» талап еткен болатын. Өйткені әдеби талант деген нәрсе – қолдан жасалмайтын, өзінде жоқ болса, өзгеден қарызға алу мүмкін емес, жер-жаһаннан қанша іздегенмен таптырмайтын нәрсе! «Ақындық оқуы» деген оқу да жоқ [3].

Н. Назарбаев: Жаңа театр – Орталық Азиядағы ең үлкен өнер шаңырағы



2-сурет – Елбасы

4-жаттығу. *Тыңдалым.* Мәтіндегі айтылған ойға назар аударып, өз көзқарасыңызды Елбасының пікірімен салыстырып айтыңыздар.

Қазақстан Президенті (2-сурет) бірегей «Астана Опера» классикалық опера және балет театрының ашылуымен құттықтап, бұл елорданың 15 жылдығына баға жетпес тарту екенін атап өтті.

– Ең алдымен, мен сәулетшілер мен құрылысшыларға алғыс айтамын. Жаңа театр – Орталық Азиядағы ең үлкен өнер шаңырағы. Бұл – бүкіл еуразиялық кеңістіктегі соңғы бірнеше онжылдықта салынған кең ауқымды бірден-бір классикалық театр. Бұл – әлемдегі техникалық жағынан ең жетілдірілген театрлардың бірі. Осы тарихи сәт әлемдік опера өнерінің жылнамасына енеді. Ғаламат «Астана Опера» ғимараты қазірдің өзінде еліміздің тарихына жазылды. Оның күмбезі астында мен «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жария еткенімді білесіздер. Онда мәдениет біздің ұлтымыздың генетикалық кодының ажырамас бөлігі болып белгіленді, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев елімізде Қазақстанның дарынды халқының шығармашылық әлеуетін ашуы үшін барлық жағдай жасалғанына тоқталды.

– Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мәдениетінің нағыз қайта өрлеу дәуіріне айналды. Осы уақыт ішінде мәдениет мекемелерінің желісі кеңейді. Бүгінде олардың 41-і республикалық және жеті мыңнан астамы жергілікті ұйымдар, оларда 75 мың адам жұмыс істейді. 2012 жылы мемлекеттің мәдениет саласына бөлген шығысы 35 миллиард 500 миллион теңгеден асты. Менің тапсырмаммен Астанада Қазақ ұлттық мұражай салынуда. Бүгінде Қазақстан мәдениеті жаһандық мәдени мұраның танымал бөлігіне айналуға тиіс. Бұл қазіргі заманғы өнердің барлық түріне – музыка, театр, кино, әдебиет, сурет өнеріне қатысты. Бұл үшін болашақта өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін, сондай-ақ өзге іс-шаралар мен әлемдік деңгейдегі форумдарды пайдалану керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы еліміздің елеулі артықшылыққа ие екенін атап өтті.

– Біз жаңа елміз, Астана – жаңа елорда. Әлемнің түкпір-түкпірінен біздің мәдениетімізбен, дәстүрімізбен, тарихымызбен танысуға миллиондаған адамдардың ықылас білдіруі әбден табиғи нәрсе. Біз осы артықшылықты пайдалануымыз керек! Зауыттар мен жолдар салып жатқан еліміз бірнеше жылға алдын ала негіз қалауда. Мектептер мен ауруханалар тұрғызып жатқан еліміз ұлтымыздың онжылдықтағы келешегінің қамын жасауда. Театрлар салып жатқан еліміз алдағы ғасырларға бүгіннің биігінен қарауда, – деді Нұрсұлтан Назарбаев [4].

III Өнегелі өмір (әйгілі адамдар өмірі)

5-жаттығу. *Оқылым. Айтылым.* Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыздар.

Абылай хан (Әбілмансұр) – қазақ ханы, ұлы мемлекет қайраткері,

қолбасшысы және дипломаты.

Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ даласының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан.

Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы.

Жәңгір қайтыс болып таққа Тәуке отырғанда, Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барды. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, Үйсін Төле бидің қолына келді.

Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырды. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бақты. Бұл, Шоқан Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек (онда Абылайдың 1711 жылы туған деуге негіз бар).

Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатына, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей сияқты жыраулардың т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі. Қай жылы туса да, 1730-1733 жылдары аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұрмен жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтажы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде: күйеу баласы) Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанды.

Абылайдың 20 жасы қай жылға сәйкес келуіне байланысты, қай шайқасқа қатысқаны туралы болжам айтуға болады. Бұл, әрине Абылай қатысқан алғашқы соғыс емес. Ел әңгімелері, тарихи жырлар Сабалақ әуелде Бөгенбай жасақтарының құрамында жорық-жортуылдарға қатысқанын айғақтайды. Аңырақай шайқасына қатыспады дегеннің өзінде де, Абылайдың 1730-1733 жылдары болған бір ірі шайқасқа қатысқаны дау тудырмайды. Тарихи деректер бойынша, Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында 1730-1731 жылдары бірнеше үлкен ұрыс болғаны белгілі. 1732 жылы жоңғардың 7 мыңнан астам әскері Орта жүздің шығыс шетіндегі ауылдарына шабуыл жасап, тегеурінді тойтарысқа тап болады. Абылайды 20 жасы 1733 жылға сәйкес келсе, дәл сол жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан болғаны қытай деректерінде атап көрсетілген. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 1730-1740 жылдардағы шайқастарда

ерекше көрінді. Осындай жан алысып жан беріскен соғыстардың бірін Бұқар жырау «Қалданменен ұрысып, жеті күндей сүрісіп...» деп суреттейді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады.

Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады [5].

6-жаттығу. *Оқылым. Айтылым.* Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыздар.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835-1865) – қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Шын аты – Мұхаммедханафия, әжесінің бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Туған жері – қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы – қазақтың ұлы ханы – Абылай, Шоқан оның шөбересі. Өз атасы Уәли де хан болған. Ал әкесі Шыңғыс Қазақстанда хандық жүйе жойылып, аға сұлтандықтың енгізілуіне байланысты, аға сұлтан лауазымын иеленген.

«Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, ауыл мектебінде оқып, арабша хат таныған Шоқан араб, шағатай тілдерін меңгереді. Бұдан кейін оны әкесі сол кезде Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны деп есептелінетін Омбы кадет корпусына береді. Зерек те зерделі Шоқан мұнда «екі-үш жылдан кейін-ақ өз кластастарынан ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да басып озып шығады» (Г.Н. Потанин). Ол осында белгілі шығыстанушы ғалым И.Н. Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе, шығыс әдебиеті мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастаған болатын.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде қалдырылады. Ол 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу бағытында жұмыс істеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді, Жонғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасайды. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап алады. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х. Гасфорт оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик атағын алады. Келесі жылы М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысып, қырғыз елін жете зерттеп, Ыстықкөл аймағының картасын жасасады. «Манас» жырын жазып алып, Іле өзенінің басындағы Манас жорық жасады деген жерлерді барып көреді. Сібір мен Тянь-

Шань аралығында көшіп жүрген қырғыздар Алатаудың автохтонды ежелгі тұрғындары екенін тарихта тұңғыш рет анықтап береді. Қырғыздардың көне тарихы жөнінде жазған географ К. Риттердің, А. Гумбольдтің, шығыстанушы ғалымдар Шотт пен Клапроттың еңбектеріне сын айтады, тарих, география саласындағы данқы Петербург ғалымдарына да жетіп, жиырмадан жаңа асқан жас Шоқанды Орыс География қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды.

Шоқанның Қашқарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қоқан хандығының Қашқардағы консулы әрі саяси резидентінің көмегімен Қашқардың экономикалық саяси құрылымын зерттеп, бұл халықтың тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқар сапарынан «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нанлу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келеді. Бұл – Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Ұзамай ол Германияда, Англияда жарияланады.

Шоқаннан қалған мұраның бірі – бейнелеу өнеріндегі зерттеулері. Бұл еңбектер оның өнердің осы саласындағы қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі болғанын дәлелдейді. Ол негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеумен айналысқан. Одан 150-дей сурет қалған.

Науқасы мендегендіктен Петербургтан елге оралған Шоқан туған халқының екі жақты қанауда езілгенін көріп, 1862 жылғы сайлауда Атбасар округының аға сұлтаны болуға талпынады. «Елдестеріме пайдамды тигізу үшін аға сұлтан болғым келді. Оларды чиновниктен, қазақ байларынан қорғамақ болдым. Сондағы ең алдымен көздегенім - өз басымның мысалы арқылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді» деп жазады ол бұл туралы досы Достоевскийге. Бірақ ол бұл мақсатын орындай алмай, аға сұлтандыққа өте алмай қалады. Осыдан кейін М.Г. Черняевтің экспедициясында болып, оның жазықсыз елді қырғынға ұшыратқан қанқұйлы қаталдығын көргендегі жан күйзелісіне қосылып, Шоқанды бәрін тастап, ел арасына кетуге мәжбүр етеді. Тән ауруы мен жан ауруына шипа таба алмаған Шоқан 1865 жылы Алтынемелде, Көшентоғай деген жердегі Тезек төренің ауылында қайтыс болады.

Шоқанның мандайына «жарқ етіп сөнген құйрықты жұлдыздай» қысқа ғана ғұмыр сүру жазылды. Бірақ ол сол аз ғана ғұмырында адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өресін, ұлтжандылықтың жалтақсыз үлгісін, ғылыми қабілет пен алғырлықтың қайран қаларлық өнегесін барша болмысымен, нақтылы іс-әрекетімен дәлелдеп үлгерді [5].

7-жаттығу. Оқылым. Айтылым. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар. Мәтіннің төртінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыздар. Мәтіннен жағымсыз ақпаратты табыңыздар.

Мағжан Жұмабайұлы – ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің көгінде жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі.

1893 жылы 25-маусымда Петропавл уезі Сарыайғыр болысы, Сасықкөл ауылында туған. Әкесі Бекен (Бекмағанбет) орта дәулетті, өзінің әділдігімен, адамгершілікті парасатымен ел арасында беделі жоғары адам болған. Соған орай оны бір сайлауда болыс етіп сайлаған көрінеді.

Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашқан Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды. Бірақ бұл оқу білсем, көрсем деп ілгері ұмтылған жас талапты онша қанағаттандырмайды. Ол оқу іздеп Уфаға аттанады. Сонда өзінің білім беру дәрежесінен Жоғары діни оқу орнымен парапар Медресе Ғалияға оқуға түседі. Медреседе оқып жүргенде, осында оқытушы болып істейтін, татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың назарына ілігеді. Болашақ ақынның зор дарынын таныған Ғалымжан Мағжанды қамқорлығына алып, оған көп жәрдем көрсетеді. Соның көмегімен Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш жинағы жарық көреді, соның ақыл-кеңесімен Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі.

Жастайынан орысша оқып, орыс әдебиетінің мәдениетіне еркін жеткен Мағжан қазақ поэзиясына өзіндік ерекшелігімен, дарынды болмысымен келеді. Әуелде лапылдап тұрған сезімін, ынтыға үзіліп тұрған махаббатын жастық жалынымен жандырып жіберердей леппен жеткізуге ұмтылған ол енді бірте-бірте ой есейгендігін танытып азаматтық лирикаға қарай ойысады. Мұнда да ол зарлы да өкінішті ой сезімдерін ерекше құдіретпен, шыңғырған жан даусының қуатымен жеткізіп, ішкі мұңы мен ашу кегін табиғи байланыстырып жібереді.

Бұл кез оның қазақтың ардақ азаматтары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлынан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір белесіне құлаш ұрған шағы еді. Ұстаздарының өнегесі ақын жанының тебіреніс толқынындағы айшықты өрнегімен көрініс береді:

Азамат! Анау қазақ ханым десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, Ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып қанын десең
Екінің бірі, басқа жол жоқ!

Тасқыны қатты, тегеуріні берік ұлттық сезім селі ширатыла ширығып барып, екпінін баспаған күйі түрікшілдік арнасына құйылады. Халық өлендерінің мазмұнымен бірге оның ырғақ үйлесімін, ішкі рухын, әуезділік әсемдігін жанымен қабылдаған ақын кейде ән-күй ғана түсіндіре алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді. Мағжанның ақындық ерекшелігі де, бәлкім, осы болар.

Қалай дегенде де, Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үңіледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды.

Мағжан «Шолпан», «Сана» журналдары, «Ақ жол» газеті редакцияларында қызмет істеп жүргенде де, Москваның Жоғарғы әдебиет және көркемөнер институтында оқып жүргенде де, үнемі ізденіс үстінде, шығармашылық өрлеу жолында болады.

Білімі толысып, тәжірибесі молайып, кемелді шағына бет алған дарынның тағдырына тұтқиылдан келіп араласқан Қызыл империяның қызылкөз жендеттері оның жолын кесіп, түрмеге қамайды. Сөйтіп, 1929 жылдан бастап ақын қуғын-сүргінге ұшырайды. Әуелі жалған жабылған жаламен он жылға сотталады. Одан М. Горкий мен оның әйелі Е. Пешкованың араласуымен, 1936 жылы босатылады да, бір жылдан кейін «Халық жауы» деп қайта сотталып, 1938 жылдың наурыз айында ату жазасына кесіледі.

Мағжан – сыршыл ақын. Ол үшін бақ пен қуаныш - сүйе білу. Құштарлық пен оның оттай жанған сезім бұрқанысы мол жан сөзін жүрек поэзиясына тұңғыш әкелген. Оның «Тілегім», «Мені де, өлім, әлдиле», «Сүйемін», «Сәрсембайдың жыры», «Жазғы түнде» тәрізді өлеңдері - қазақ поэзиясының қазынасы.

Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұралары уақыт сынынан сүрінбей өтті. Өзге классиктердің шығармаларымен қатар қазақ мәдениетінің тарихынан сыбағалы орын алды [5].

8-жаттығу. *Оқылым. Айтылым.* Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыздар. Мәтіндегі ақпаратты жағымсыз бағалайтын азатжолды табыңыздар.

Саясаткер Абай

1885 жылдың мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Карамола деген жерде Семей генерал губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның, әсіресе, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ Абайдың беделін өсірген Қарамола съезінен кейін оның қарсыластары көбейіп кетеді. 1890 жылы Байғұлақ, Күнту деген кісілер бастаған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде Абайға қарсы дұшпандық әрекетке сөз байласады. 1891 жылы Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға, Абай өміріне қастандық жасауға әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиренішті сырын, өзінің ақ екендігін Сенатқа жазған хатында айғақты деректермен дәлелдеп береді». (Абай. Энциклопедия. -Алматы 1995, -Б.49). Ел басқару қызметінде барынша әділ болып, халық қамын ойлаған, «тура биде туған

жоқ, принципін ұстанған. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармашылыққа арнаған.

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан - Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл, Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан - ұрпақ, көрген жоқ. Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-рәушән», екіншісі – «Физули, Шәмси». Өлеңдерін қағаз бетіне 80 жылдардың ортасында түсіре бастайды. «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 жылы жазылған. Бастан-аяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. Абай лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздердің жаңа, өзі шығарған соны үлгі – өрнектері мол. Мысалы, «жүректің көзі», «жүректің оты», «көңілінің көзі ашық», «көңілдің жайлауы», «ой өлкесі» деген ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерді -метафораларды қолданады. Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне арқылы сипатталады: «Жүрегім менің - қырық жамау». Осындағы жұлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлінген, парша-парша болып бөлектенген жүрек бейнесі ақынның өкінішін, арманын, қастандық-өшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын, т.б. көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр. Абайдың ұлылығын танытатын өлеңінің бірі – «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Осы өлеңнің бастапқы тармағындағы сөздердің мәнісіне үнілсек, табиғат сөзін қалыпты мағынада алып, аспан мен жер, күн мен айды айтып отырған сияқты. Олардың өмірі адам өмірінен ұзақ екені талассыз. Ескі философиялық еңбектерде табиғат өлсе де, адам өлмейді деп, осы екеуін біріне-бірін қарама-қарсы қою кездеседі. Мысалы, Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір Алла ғана деген ұғым бар. Жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан. «Адам өлмес» деп бірден кесіп айтқан ойын Абай төмендегідей жалғастырады:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес

Ол бірақ кайтып келіп ойнап-күлмес,

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.

Дәл осы өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымдарды Абай ажыратып, дәлірек айқындамайды. Келесі шумақта: ...

«Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып аяғын көп шалдырған,» – дей келіп, алғашқы ойын енді тікелей жалғастырғандай:

«Өлді деуге сыя ма, ойландаршы... [5].

Оқылым және айтылым бойынша жүргізілетін жұмыстың шарттары:

Бұл жұмыс «Қорғаушы. Сұрақ қоюшы. Сараптаушы» белсенді оқыту тәсілі бойынша жүргізіледі. А және В тобының қатысуымен және С тобының бақылауымен орындалады.

А тобы жобаға қысқаша шолу жасайды (үш минуттан артық емес), бұл уақытта В тобы тыңдайды. В тобы А тобына жобаның қысқаша мазмұнына, тақырыбына сәйкес сыни сұрақтар қояды. С тобы сараптама жасайды.

IV Туризм: экотуризм

9-жаттығу. *Тыңдалым.* Мәтіннің идеясын айтыңыздар. Мәтін мазмұнын ашатын тақырып таңдаңыздар. Мәтіннің алғашқы және соңғы бөлігінде қамтылған ақпарат туралы айтыңыздар.

Оңтүстік Қазақстан облысының климаты тынығуға, емделуге, альпинизммен, тау шаңғысы спортымен, аңшылықпен айналысуға өте қолайлы. Бүгінде туризм – Оңтүстік Қазақстан экономикасының ең қарқынды дамып келе жатқан, болашағы зор салаларының бірі. Облыста 802 тарих және мәдениет ескерткіштері бар, оның ішінде 530-ы археологиялық, 44-і тарихи, 228-і сәулет өнерінің ескерткіштері. Жібек жолының Оңтүстік Қазақстандық телімі оның батысынан шығысына қарай жүргенде Шаштан (қазіргі Ташкент) Тұрбат өткелі арқылы Испиджабқа, Сайрамға апарады. Көне қаланың атауы күні бүгінге дейін сақталған. Шымкент іргесінде кент осылайша аталады, оның орталығында Жібек жолының аса ірі орталықтарының бірі болған ортағасырлық қаланың орны бар. Испиджабтан құлдарды, ақ кездемелер, қару-жарақ, семсер, мыс пен темір тасыған. Испиджабтан шыққан керуендер Шараб және Будахкет шаһарлары арқылы шығыстағы Таразға көш түзеген. Бүкіл Жібек жолының бойындағы керуен жолында Отырар мен Түркістан сияқты бай қалалар, сауда-қолөнер мекендері, керуен-сарайлар бой көтеріп, гүлденді.

«Отырар» – ежелгі атауы Фараб, Қазақстан аумағындағы көне қала. Ұлы ғұлама ғалым, екінші Аристотель атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері. VIII ғасырдан бастап Отырар Тарбанд атауымен белгілі болған. Бұл атауы ежелгі түркі жазбаларында кездеседі. Отырар шаһары Еуропа мен қытай арасындағы жолдарда орналасқан сауда орталығы болған (10-12 ғғ.). IX-X ғғ. Отырар гүлденген ірі қала, ғылымның орталығына айналды. Мұнда үлкен медреселер, мешіттер, ханакалар, кесенелер орналасқан. Қала қамал қабырғаларымен қоршалып, үш қақпасы болған. Бұл қалада бүкіл дүниежүзіне әйгілі «ұлы Отырар

кітапханасы» болған. Қамал қабырғасының, қақпалары мен басқа құрылыстарының қалдықтары біздің заманымызға дейін сақталды. Отырар шаһарының орнында ислам уағыздаушысы, діни мистик, Қ.А. Ұсауидың ұстазы әрі рухани тәлімгері, XII ғасырда өмір сүрген Арыстан бабтың кесенесі бар. Кесене – XIV ғ. сәулет өнерінің мұрасы.

2001 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен бүкіл әлем ежелгі Тұран бесігі, тарихы тағдыры Ахмет Ұсауидың тағдырымен байланысты Түркістан қаласының 1500 жылдығын тойлады. Бүгінде Түркістан бүкіл мұсылман әлемінің, барша түркі тілдес халықтарының рухани орталығы, рухани мінәжат орны.

Суда жүзуді сүйетіндер үшін Оңтүстік Қазақстанда өзен жеткілікті. Олардың ең үлкендері – Сырдария, Арыс, Бадам, Боралдай, Бөген өзендері. Өзен жағалауларын бойлаған сақырауқұлақ терушілер әрқашан жақсы олжадан кенде қалмайды. Түлкібас, Төле би және Қазығұрт аудандары туризмнің ұйымдасқан және өз бетінше тауға жаяу шығу, салт атты және тағы басқа түрлерін, соның ішінде тынығудың бірқалыпты тыныштығын ұнататындар үшін қызықты. Төле би ауданының табиғи-климаттық жағдайлары мен орналасқан орны қысқы туризмге қолайлы. Мұнда жаңа шаңғы базасы мен арқанды жол салынған. Тынығу лагерьлері қайта құрылып, алуан түрлі қызмет көрсету құрылымдарының желісі дамытылуда.

Солтүстік Созақ ауданының дархан даласында өлкенің маржан көлі – Қызылкөл Қаратау бөктерінде көсіле орналасқан. Көл суының шипалы қасиеттері бар. Туристерді тынығып, шомылуға Шардара мен Бөген су қоймалары шақырады. Қаланың Тянь-Шань тауының сілемдеріне жақын орналасуы өңір тұрғындары мен қонақтарына таудың саумал ауасымен тыныстап, әр түрлі тау соқпақтарымен саяхаттап, аспанасты сұлулықты тамашалауға бірегей мүмкіндік береді. Саяхат бағдарлары Сайрам-су шатқалында көп. Сапар «Альтекс» кемпингінен басталады. Мұнда арнайы жабдықталған туристік үйшіктер мен шатыр тұрғызуға орайластырылған орындар бар. Кемпинг аумағында қайың сыпыртқысы, хош иісті майлар мен жалбыз шайы бар екі нағыз орыс моншасы жұмыс істейді. Ағаш моншада бусанып алып, таудың мұздай суына күмп беруге болады.

Қазығұрт тауының бөктерлерінде «Ақбура әулие» кесенесі, «Атбұлақ Тесіктас» киелі орны, сондай-ақ үңгірлер мен «Қырық қыз» тас мүсіндері бар. Теңіз деңгейінен 1768 метр биіктікте орналасқан Қазығұрт шыңы да аңызбен ұштасқан. Қазақ халқы үшін ол Кавказдағы Арарат тауы сияқты қасиетті жер. Аңыз бойынша, Жер жүзін топан су басқанда бұл жерге әлемнің әр түкпіріндегі әр түрлі тау шыңдарына аялдаған Нұқ пайғамбардың кемесі келген екен. Оған қоса, Қазығұрттың екінші, анағұрлым көне атауы – «Кеме қалған шың». Қазығұртты қазақ ақындары Абай мен Мағжан Жұмабаев жырлаған.

Облыс аумағында адамдарды емдеуге пайдаланылатын қайталанбас табиғи ресурстар бар. Оларға ең алдымен құрамы мен адам ағзасына әсері жағынан теңдесі жоқ минералды және ыстың (термальды) сулар жатады. Бүкіл әлемге

әйгілі «Сарыағаш» суы көптеген дертке дауа. Минералды және ыстың (термальды) қайнарларды табиғат бүкіл Оңтүстік Қазақстан облысының аумағына шашыратып тастағандай. Олар қолданыстағы Сарыағаш шипажайында, Кентау қаласының оңтүстігіндегі ұңғымаларда, Қаратау бөктерлерінде, Шаға өзенінің көрікті аңғарларында, Ордабасы ауданының орталығына жақын орналасқан Темірлан ауылында және Манкент ауылында бар. Ақсу, Түлкібас ауданы мен Тұрар Рысқұлов ауылының шипалы климаты жүрек-тамыр жүйесі ауруларына шалдыққан адамдар үшін ерекше құнды.

Оңтүстік Қазақстан облысында бірегей табиғат жағдайлары мен минералды су көздерінің арқасында ондаған шипажайлар мен емдеу-сауықтыру орындары салынды. Жыл бойы мұнда ТМД мен алыс шетелдерден ондаған мың адам келіп, ем қабылдайды.

«Алтын Бұлақ» емдеу-сауықтыру орны әсем көлдің жағалауындағы орманды алқапта, «Сарыағаш» минералды су көздерінің тұсында орналасқан. «Сарыағаш» шипажайы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ТМД аумағына танымал. «Сарыағаш» шипажайының тарихы 1946 жылдан бастау алады, сол жылы геологтар ізденіс бұрғылауларын жүргізген кезде 1400 метр тереңдікте ыстың мөлдір су көзін тауып, оның минералды екені анықтады. «Жансая» шипажайы «Сарыағаш» курортының аумағында, қайнарлар мен курорт саябағының қасында орналасқан. «Көктерек Сарыағаш» шипажайы Сарыағаш қаласының табиғаты әсем ауданында орналасқан. Жылы климат жағдайлары, таза ауа, самал жел, күн сәулесінің мол түсуі, минералды су, осының бәрі – шипажайдың аса құнды табиғи және климаттық емдік факторлары. «Арман» шипажайы 1982 жылы КСРО ІІМ қызметкерлері үшін арнайы салынған. Ол – Қазақстанда да, таяу шетелде де белгілі демалыс және сауықтыру орны. Заманның ең жаңа талаптарына сай *Agay Deluxe Thermal Resort* сауықтыру кешені Сарыағаш қаласында орналасқан. Бұл – медициналық қызметтер көрсетілетін минералды курорт.

«Біркөлік» емдеу-сауықтыру орны Төле би ауданының Біркөлік шатқалында орналасқан. Біркөлік шатқалы Тянь-Шань сілемінің тарамдарында теңіз деңгейінен 1100 метр биіктікте, облыс орталығы Шымкент қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. «Манкент» шипажайы Сайрам ауданында, Шымкент қаласынан 25 км жерде орналасқан. Қазіргі заманғы талаптардың барлығын қанағаттандыратын үш қабатты «Ақ Жайық» шипажайы 2008 жылдан бері емделушілерді қабылдайды [6].

10-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіннен ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны табыңыздар. Мәтін мазмұнынан басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыздар. Автордың пікірін білдіретін ақпаратты тауып, пікір таластырыңыздар.

Қазақстанға туризм арқылы келген қаржыдан кеткен қаржы көп



3-сурет – Бектау ата тауы

Қазақстан билігі өткен жылы елге 3,4 миллион шетелдік азамат келгенін, 5 миллионға жуық Қазақстан азаматы шетелге саяхаттап барып қайтқанын айтып отыр. Бірақ мамандар туризм саласында шешімін күткен мәселелер аз еместігін айтады.

Қазақстандағы туризмді дамыту туралы мемлекеттік бағдарлама да аяқталуға таяп қалды. Биліктің мәлімдеуінше, Қазақстанға миллиондаған саяхатшы келіп, миллиондаған қазақстандық ел ішінде, шетелде демалады. Расында да солай ма?

2009 жылы халықаралық туризм саласына жаһандық экономикалық дағдарыс салқыны көбірек тиді, сөйтіп туристік айналым көлемі төрт пайызға қысқарды. «Халықаралық туризм барометрінің» алдын ала жасаған есептеулеріне қарағанда 2010 жылы халықаралық туризм қалпына келе бастаған. Ал Дүниежүзілік туристік ұйым халықаралық туристік барыс-келістердің жеті пайызға жуық өсіп, 935 миллион долларды құрағанын хабарлады.

Туристік әлеуеті өте зор Қазақстанда қазір туризмнің сауықтыру-емдеу саласынан бастап, спорттық, танымдық және діни түрлері бар. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Таңбалы тас петроглифтері, Сарыарқа (Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері), Наурызым және Қорғалжын қорықтары ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мұраслары тізіміне енгізілген.

Бұрынғы туризм және спорт министрі Темірхан Досмұхамбетов биыл 28 наурызда осы министрліктің 2010 жылы атқарған жұмыстарының қорытынды есебін шығарды. Бұл есепке қарағанда, туристердің жалпы саны 11,4 миллион адамға жетіп, ішкі туризмнің көлемі 15,7 пайызға өскен (3,4 миллион адам); сыртқа шығатын туристер 9,1 пайызға ұлғайған (4,8 миллионнан астам адам); келушілердің саны 3,4 миллион адамға жеткен. Туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 28 пайызға өсіп, 107,5 миллиард теңгені құраған. Туризмнен

түсетін табыс 15,3 пайызға көбейіп, 78 миллиард теңгеге артқан.

Басымдықтар

Мемлекет қалтасына елеулі табыс түсіретін ішкі және сыртқы туризмді дамыту қажеттілігі анық. Туризм және спорт вице-министрі Қайырбек Өскенбаев: «Егер орта есеппен алар болсақ, теңізге баратын турист күніне 40 еуро жұмсаса, тауға шығатын туристер күніне 250 долларға дейін жұмсайды. Сондықтан біз адамдардың аз келгеніне қарамастан әлемдегі жетекші туристік державалардың қаржысын түсіре аламыз. Ішкі туризмді дамытуға да әлеуетіміз жетеді» деді.

Сонымен қатар вице-министр Франция мен Қазақстанның тау шаңғылы (3-сурет) курорттары туралы салыстырмалы деректерді келтірді. Францияда тауға тасымалдайтын құрылғылар күніне 250 мың демалушыны таси алатын болса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 1080 адам ғана. Әлемнің тау шаңғылы курорттарындағы шаңғы жолдарының жалпы ұзындығы 300-450 шақырым болса, Шымбұлақтағы жолдың ұзындығы – небәрі 35 шақырым.

Қазіргі қазақ турфирмалары әлі күнге дейін шетелге турист жөнелтумен шұғылданып отыр. Елге келетіндер мен шетелге кететіндердің арасында 6,6 есе айырма бар. Сірә, оларға туризмнің кез-келген түрін қабылдай алатын, бағасы да аса қымбат емес және қызмет көрсету саласы жоғары шетелдік турларды жарнамалаған оңтайлырақ болуы керек. Қазақстаннан елеулі қаржының сыртқа кетіп жатқандығының бұл да бір белгісі.

Басқа елдер Қазақстанды табиғи қорларға, әсіресе мұнайға бай ел ретінде таниды. Шетелдік туристерді елге тарту үшін үлкен жарнама жасалуы қажет екені анық. Қазақ жерінің мәдени, діни, тарихи құндылықтарын кәсіби тұрғыдан сауатты насихаттаса, шетелдік туристердің де қызығары сөзсіз [6].

V Жастар мәдениеті және мәселесі

11-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіннен ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны табыңыздар. Мәтін мазмұнынан басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыздар. Автордың пікірін білдіретін ақпаратты тауып, пікір таластырыңыздар.

Жастар мәселесінің түйткілдері

Елбасымыз Н. Назарбаев жастар мәселесіне баса мән беріп келе жатқаны белгілі. Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында жастарға білім беруі мен еңбек етуіне байланысты міндеттерді нақты саралап көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында жастар мәселесі жөнінде де кеңінен сөз қозғады. Сессияда жас буынға айтарлықтай міндет атқаруы тиіс екендігін баса айтты. «Жасыл ел», «Ауыл жастары», «Дипломмен ауылға»

бағдарламалары аясында нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Жастарды баспанамен қамтамасыз етуге мән берілетін болды. Елбасымыз Қазақстан жастар елі екендігін, әрбір екінші қазақстандықтың жасы 30-ға жетпегенін, еліміздің серпінді дамуына жастардың үлесі зор болатынын айта келіп, Үкіметке үстіміздегі жылдың Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын ұсынуды тапсырды. Сондай-ақ, үстіміздегі жылдың соңына дейін біздің заңнамаларымызды мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жаңартуды, Білім және ғылым министрлігінің құрылымында Жастар саясаты жөніндегі комитет, ал өңірлерде тиісті басқармалар құру қажеттігін, Астана және Алматы қалаларының әкімдері өңірлік Жастар істері жөніндегі кеңестерді тікелей өздері басқаруы тиіс екендігін нақты көрсетті. Үкіметке жастар үшін әлеуметтік қолайлы жағдайларды қалыптастыру жөнінен заңнамалық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйелі кестесін әзірлеуді тапсырды. Демек, жастар алдына қойылып отырған жаңа міндеттер, келешекте еліміздің қозғаушы күші болары анық [7].

Дені сау ұрпақ – тірегіміз

Жастардың денсаулығын жақсартып, білімін көтеру және әл-ауқатын арттыру мәселелері Елбасының үнемі назарында болуы бекер емес. Адам бақытты болу үшін бұл дүниеде екі нәрсе керек: бірінші – денсаулық, екінші – білім. Осы екеуі біріксе, адам алдында алынбайтын қамал, қол жетпейтін арман, игерілмейтін биік жоқ. Мемлекетіміз халық денсаулығына әрдайым ерекше көңіл бөліп, еліміздің тұрғындарының өмірін неғұрлым ұзарта түсуге бағытталған шаралар алуы қазір басты мәселеге айналып отыр. Әсіресе, жастардың денсаулығы мықты болуы тиіс. Әскерге шақыртылған жастарды медициналық тексеруден өткізгенде көптеген жастардың денсаулығы қалыпты жағдайда емес екені анықталып отыр. Жастар денсаулығының нашар болуы неліктен? Мұндай жастың келешегі не болмақ? Бұны балалар мен жастардың денсаулығын бекемдеу ісінің әлі де ойдағыдай болмай отырғаны деп ұққанымыз жөн. Бүгінгі жас бала – ертеңгі әке, жас қыз – ертеңгі ана екенін естен шығармауымыз керек.

Темекі мен спирттік өнімдердің, нашакорлықтың адам денсаулығына, отбасы мен қоғамға қанша қасірет әкелетіні жайлы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік – қазіргі бүкіл әлемде қоғамның ауыр дертіне айналды. Ішімдікке әуестіктің қыз-келіншектер мен жасөспірімдер арасында кең етек алып бара жатқаны, соның салдарынан қылмыстық оқиғалардың жиілеп бара жатқаны алаңдатады. Ресми мәліметтерге сүйенсек, республикамыздағы наркологиялық мекемелерде қазіргі кезде 235 416 адам маскүнемдік дерті бойынша есепте тұрады екен. Демек, маскүнемдік 100 мың адамға шаққанда 144,2 болып отыр. Тиісті орындардың мәліметтеріне жүгінсек, елімізде ішімдік ішу 1 адамға – 12 литрден, ал сыра – 31 литрден айналыпты. Демек, еліміздің тұрғындарының 33,3 пайызы, яғни үштен бірі ішімдікке әуес. Мұны жас ерекшеліктеріне орай сараптасақ, 40-49 жас аралығындағылар көш

бастап тұрса, 20-29 жастағылар екінші орында. Ал 18-19 жастағылардың үлес салмағы 37,7 пайызды, жасөспірімдердің үлесі 22 пайызды құрайды екен. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары ішімдікті шамадан тыс тұтыну азаматтардың денсаулығы үшін ғана емес, бүкіл ұлттың болашағына төнген апат екенін жеткізді. Жастайынан ішімдікке салынып, темекінің ащы түтінімен өкпесін ыстаған, наркотиктің «дәмін татқан» жасөспірімді ертең не күтіп тұр? Болашағы бұлыңғыр емес пе?! [7].

Темекі түтіні сәбиді улап жатыр

Елімізде жастар арасында көк түтінге құмартқандардың саны азаяр емес. Тіпті, қаракөз қыздарымыздың бұрқыратып көшеде шылымды тартып тұрғанының өзі көзімізге үйреншікті жайт болып кетті емес пе?! Тіпті, нәзікжандыларға арналған түрі жіңішке, дәмдері әртүрлі қоспалармен байытылған темекі түрлері де баршылық. Әрине, көк түтінге әуестенушілердің санының артуына бұл да бір себеп. Мәселен, 2000 жылы бір қорап темекінің бағасы дәл қазіргідей. Басқа да тұрмыстық заттар, азық-түлік қымбаттап жатқанда, ал темекі бағасының көтерілмеуінде құйтырқы саясат жатқандығына дауымыз жоқ. Өйткені, мол табыс түсіріп отырған темекі фабрикалары тұтынушыларынан айрылғылары келмейді. Орташа құны 100 теңге тұратын темекіге әуестіктің салдарынан жыл сайын 25 мың адам немесе күн сайын 70 адам көз жұматын көрінеді. Сол себепті «қауіпті ермектің» құнын 10 теңгеге қымбаттатсақ – 1500 өмірді, 1 теңгеге қымбаттатсақ 150 өмірді аман сақтап қалады екенбіз.

Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде 12 жастан асқан азаматтар арасында темекі шегу әдеті кең тарап отырғандығын көрсетті. Жалпы елімізде 4,5 миллионға жуық азамат шылым шегетіндігі анықталды.

Жалпы, темекінің түтінінен әлемде әр 6 секунд сайын бір адам, яғни әр сағат сайын 600 адам көз жұмады екен. Бұл – жылына 5-5,4 миллион адамның өмірін алады деген сөз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжауынша, 2030 жылы темекінің құрбандары 8-10 миллионға дейін жететін көрінеді.

Қазақстан халқының демографиялық өсіміне темекінің зияны шаш етектен. Мәселен, аяғы ауыр кезінде шылым шеккен әйелдердің балалары өсе келе әртүрлі жасырын және созылмалы ауруларға ұшырайтынын ақ халатты абзал жандарымыз айтып та жүр. Шылым шегетін аналардан туылған балалар өз құрдастарымен салыстырғанда ақыл-ой дамуы жағынан артта қалады. Зерттеулер бойынша, темекі түтінінің құрамында 30-дан астам улы заттар: никотин, көмірқышқыл газы, көміртек тотығы, аммиак, шайырлы заттар, органикалық қышқылдар бар екендігі анықталған. Шылым шегудің туберкулез ауруына соқтыратыны да анықталды. Темекі жүкті әйелдерге өте зиян. Сәбидің дүниеге сырқат болып келуіне немесе өлі болып туылуына темекі де себеп болады. Бала емізетін әйелдерде никотин сүтке араласып, осы арқылы сәбиді улайды. Шылым шегудің зиян екендігін біле тұра, жылдан-жылға шылым шегетін қыздарымыздың саны артып келеді.

Рас, соңғы кезде қоғамдық мекемелерде, аялдамаларда, оқу орындарында, көшелерде шылым шегуге тыйым салынды. Сырты әдеміленіп, жылтыр қорапшаларға салынған удың жарнамасы өкінішке орай, қазір де жүріп жатыр.

«Зиянды әдеттерден халықты алшақтатамыз» деп дәрігерлер әуре. Тіпті, арнайы мемлекеттік бағдарлама, заң да қабылданды. Қыруар қаржы бөлініп, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» орталықтары ашылды. Бірақ атқарылып жатқан шаралардың ықпалы әзірше сезілмейді. Ішімдікке, темекіге, есірткіге әуестенушілер саны жыл өткен сайын өсіп барады. Ал, жастардың дені сау, ұрпағы таза, рухы биік болуы үшін шылым шегуге қарсы күресті күшейту қажет [7].

Жамандықтан қайтсек арыламыз?

Ұлтын сүйетін, ана тілін білетін, салт-дәстүрін құрметтейтін, төл өнерінен ләззат алатын жастар қатары көбейсе, еліміздің гүлденері анық. Қоғамдағы кемшін тұсымыздың бірі – жастардың өз ұлтының құндылықтарынан гөрі, өзге елдің арзанқол дүниесіне құмартып жүргендігі болса керек.

Жалпы бүкіл әлемде ұрлық-қарлық, адам өлтіру, қыз зорлау, тонаушылық пен қарақшылық оқиғалары жиі кездесуде. Осындай келеңсіз істерге тосқауыл қою үшін ұлттық идеология керек. Жас бала – күнге талпынған өсімдік сияқты десек, оған дұрыс бағдар көрсететін ұстаз да аса қажет қой.

«Құбылған әлем жарысы, Ақылды жанның табысы» дейді Шәкәрім бабамыз. Бәрін біліп алуға тырысатын, өмірге икемді, тәрбиелі жастар аз емес.

Ұлттық мәдениеттен жүрдай ұрпақтан халықтың қасиеті мен мүддесін қорғайтын азаматтар шықпайды. Халық даналығында «Баланы әуелі мейіршапағатқа, содан соң ақыл-парасатқа, ақырында еңбек пен ғылымға баулы», – дейді. Өмір көшіне ілесем десең, уақыт талабына сай талпыныс жасаудың, жасампаздықтан жалықпаудың, ақылың мен еңбегіңе сүйенуге тырыс [7].

Ғаламторға телмірген жастар

Таңертеңнен кешке дейін интернетте телміріп отырған жастарды бұл күндері жиі кездестіретін болдық. Тіпті, ұялы телефон арқылы агентке кіріп, алтын уақыттарын өлтіріп, бір-біріне жарыса хат жазысып жатады. Ғаламтордың зияны туралы әлем ғалымдары дабыл қағуда. Біріншіден, мониторға ұзақ уақыт қараудың салдарынан адамның көз жанары құрғап, көру қабілеті нашарлайды. Сіресіп отырғандықтан омыртқа зақымданып, скалиоз, кифоз ауруларына шалдығады. Қимыл-қозғалыс азайғандықтан, қан айналымы нашарлайды, семіздік пайда болады. Жаңа технологиялар адамның жасушаларына қауіп төндіріп, қатерлі ісік ауруының туындауына себеп болады. Екіншіден, ғаламтор жастардың көп уақытын алады. Жастар көптеген қоғамдық жұмыстардан шет қалады. Үшіншіден, ғаламтор жастарды еріншектікке дағдыландырады. Қазір керекті

мағлұматтың барлығы ғаламторда бар. Іздеген нәрсенің атын жазсаңыз болғаны түрлі рефераттар, зерттеулер, ақпараттар дап-дайын табыла кетеді. Төртіншіден, жастар жасандылыққа бой алдыруда. Мәселен, аты-жөнін өзгертіп, өзінің суретінің орнына өзге бейнені салатындар көбейді. Не болса соны жазып, жалған мәліметтерді жариялайтындар көп. Тіпті, қазір жастардың кеш үйленуіне де ғаламтор зиянын тигізуде. Статистикалық мәліметке сүйенсек, қазір Қазақстанда жасы 25-тен асқан бойдақтар саны 3 миллионнан асады екен. Соның ішінде қыздардың – 28,2 %-ы, жігіттердің – 39,6 %-ы бойдақ болып өмір сүреді. Бұрынғыдай Қыз Жібек пен Төлегендей махаббат сезімдері жоқ жастар азайып, жаңа технологияға сай құлтемірге айналып бара ма, қалай?! Бесіншіден, ғаламтор арқылы мінез-құлық бұзылады. Бұған дәлел, бұрындары халық ән-күйлерін тыңдайтын балалар мен жасөспірімдер қазір компьютердегі шетелдің ырду-дырду әуендерін естіп, түкке тұрмайтын ойындарын қызықтайды. Атыс-шабыс, қан төгу және жауыздық арқау болған ойындар бала психологиясын бұзады. Ойынның мазмұны, әдіс-тәсілдері баланың миында сіңгендіктен, ол қылмысқа да баруы әбден мүмкін. Тіпті өтірік ақпарат берілсе, соған сенеді. Ғаламтордағы келеңсіз көрсетілімдерден кейін күйзеліске ұшырап, жүйке дертіне ұшырап жүрген жастар қаншама?! Мұндайлар тез ашуланады, айтылған ақылды қабылдамайды. Демек, баланы компьютерден қорғау да қазір басты мәселеге айналды [7].

Тәтті сусынның залалы

Еліміздің нарығында «Дизи», «Редбул», «Монстер» секілді энергетикалық сусындар ашықтан-ашық сатылуда. Жастар да, мектеп оқушылары да осы бір «сиқырлы сусынға» әуестеніп алған. Себебі, оның жарнамасы керемет. Ұйқыны ашып, күш беріп, сергек жүруге көмектесетін сусын әсіресе балалардың ағзасына өте зиянды. Оған дәлел, энергетикалық сусындарды жиі пайдаланатын мектеп жасындағы балаларды тексергенде, олардың бауыры 35 жастағы маскүнемнің бауырымен бірдей болатындығы анықталды. Бұл улағыш сұйықтықты балалар көп ішсе, жастайынан түрлі ауруларға шалдығады екен. Жүрек дертіне, жүйке жүйесі, асқазан, бауыр, тіпті қатерлі ісікке апаратын мұндай сусындарды пайдаланбаған жөн. Бұл сусындар бастапқыда спортпен шұғылданатын адамдарға белгілі бір күш-жігер қажет болғанда қолдану үшін ұсынылған болатын. Алайда, аталған сусынды жиі пайдаланғандардың ойлау қабілеті тежелетіндігі анықталды.

Ұрпақ болашағын, ұлт келешегін ойласақ, жастардың тәрбиесіне, ішетін сусынына, айналысатын кәсібіне мән беретін кез келді [7].

12-жаттығу. *Айтылым.* Жастар мәселелері бойынша пікірталаста қажетті стильді орынды қолданып, мәліметтерді салыстырып айтыңыздар.

Қазіргі таңда әлеуметтанушылар «жастар» деген ұғымды жас ерекшеліктер және сонымен байланысты қызмет түрлерінің негізінде пайда болатын топтасқан

көпшіліктің жалпылама жиынтығы ретінде айқындайды. Қысқа мағынада, жастар – жас адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ. Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша, 15-пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,3 миллиард шамасында. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды және өте маңызды болып табылады, тіпті оларды қоғамдағы ең шешуші звено деп айтуға болады.

Мемлекетіміздің тұрақты даму үдерісіндегі шарттардың бірі – жас ұрпақтың әлеуметтік бағытталуы және азаматтық қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау және оларды нығайту.

Жастар кез келген мемлекеттің кешенді дамуы үшін стратегиялық ресурс болып табылады. 2004 жылғы Украинадағы, 2010 жылғы Қырғызстандағы, 2011 жылғы Солтүстік Африка мемлекеттеріндегі, сондай-ақ Ресейдегі соңғы Парламенттік сайлаудан кейінгі орын алған оқиғалар жастардың қоғамдағы теріс әрекеттерді өткір әрі тез қабылдайтынын, жастармен жасалатын жұмыстардағы жіберілген қателіктер қолайсыз салдарға әкеп соқтыратындығын дәлелдеді.

Жастардың пікірлерін зерттеу, жастар саясатының үрдісіне, жастардың бүгінгі таңдағы құндылықтарына және қазіргі жай-күйіне уақытылы мониторинг жүргізу мемлекет үшін өте маңызды. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының іске асырылуын зерделеу жөніндегі бірқатар социологиялық және талдамалы зерттеулер жүргізілуі аса маңызды болып табылады.

Жастық шақ - адамың балалық шақтан есейген шаққа өту кезеңі, оның жеке көзқарасының нақты калыптасу, өмірлік құндылығының және бағыт- бағдарының калыптасу кезеңі. Осы жастағы адамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте маңызды. Дамыған елдердегі жастар ісі жөніндегі мемлекеттік органдар жастарды дамыту, тәрбие жұмыстары әлеуметтік аспектілеріне ерекше көңіл бөледі. Қазақстанда негізгі күш қоғамдық-саяси іс-шараларға, жас азаматтардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға жұмсалынады.

Жастардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайы – оның дамуының, маргинализациялаудың ең төменгі деңгейіне мәлімет, жастар ортасындағы қылмыстың төмендеуінің кепілі. Сонымен, бүгінгі таңда ҚР жастары үшін негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемалар - тұрғын үй мен жұмыс табу [7].

VI Қоғам және интернет

13-жаттығу. *Айтылым.* Әлеуметтік, кәсіби және ғылыми мәселелер бойынша өз ойларыңызды айтып, «Интернеттің қоғамдағы орыны: пайдасы мен зияны» тақырыбында пікір алмасыңыздар.

Ғылыми жаңалықтар әр он жыл сайын шамамен екі есе артады және әлбете мағлұматтар та олармен қоса, бірнеше есе артады. Бұл көп мағлұматтардың әлемде миллиондаған тұтынушыға жеткізілуі үшін жоғары жылдамдықты арнайы байланыс жүйелері қажет. Жер серіктері, интернет, радио, теледидар, басылымдар және кітап секілді құралдар әлемнің түкпір-түкпіріне бұл мағлұматтарды жеткізудің міндетін атқарады. Бірақ қазіргі әлемнің ғылыми және технологиялық дамуының жылдамдығы сонша артқан, бір ғылыми жаңалық және оны қолдану уақыты күннен күнге азаюда. Өткен шақта, бір үлкен жаңалықтың қоғамдық қолданысқа айналуына 150 жыл уақыт керек еді, бірақ ХХ ғасырдың соңғы жылдары бұл уақыт өте азайды.

40 жыл бұрын, *UCLA* университетінде компьютерлік жүйені сыннан өткізген кезде ол осынша тез толығып, қазіргі кездегі түріне жетеді деп ойламаған еді. Интернет – соңғы жылдары әлем халықтары байланысының ең ірі арнасына айналды және интернетті қолданушылар саны 1,5 миллиард адамнан да асып отыр.

2009 жылы сауалдамалар нәтижесіне қарағанда, интернет адамның күнделікті тұрмысында үлкен өзгеріс енгізген. Осы ағымда Еуропада өткізілген сауалданамаға қатысушылардың 48 пайызы интернетті соңғы онжылдық белгісі деп біледі.

Интернет, байланыс құралдарының ең маңызды орнына ие болу және әлемде ғылымның дамуы мен кеңеюін тездетумен қоса, әлемнің экономикасында да ерекше рөл атқарады.

Соңғы жылдардағы әлемнің қаржы жүйесінің дағдарысы ақпарат және байланыс технологияларына да ықпалын тигізді. Ұялы телефон және теледидар компаниялары интернеттік шынайы қауіпімен кезікті. Илинойз университетінің ұстазы және «*Capitalism Digital*» кітабының жазушысы Дэн Шиллер бір мақалада: «Интернет – капитализм жүйесінде әлеуметтік байланыстарды кеңейтетін жағдай жасаушы маңызды механизмдерге жатады. Осы себепті интернетті бақылауға алу Америка тарапынан сақталған. Құрама Штаттары бұл салада теңсіз орын мен рөлге ие. Әлемде *ROUTING* арнасының барлық жабдықтары Америка арқылы қамтамасыз етіледі және интернеттік және радиолық іздеулер де америка компаниялар ықтиярларында,» - деп жазды.

Дэн Шиллер мақаласының жалғасында Құрама Штаттары арқылы капиталдың көбеюіндегі интернет рөліне тоқталып, бұған қоса, оның экономикалық айналымдардағы маңызды рөліне де меңзеп, соның өзін экономикалық пайда беруде ерекше маңызды деп біледі. Осы орайда экономикалық тоқырау өршіген кезде 2009 жылы интернеттің әлемдік қозғалысы 74 пайызға дейін артты. Осылайша ірі байланыс арнасы интернет тіпті қазіргі қиын жағдайда да өз маңыздылығын сақтап қалды деген нәтижеге жетуге болады.

Бұл мәселенің келесі бір себебі, мәдениеттің басқа бөлімдерін және жазбаша ақпараттардың таралуына интернет көмектеседі. Жаңадан өткізілген зерттеу нәтижесіне қарағанда, 2010 жылы электрондық кітап аппараттардың көбейеді

және осыдай өнімдерді тұтыну артады. Сонымен қатар, интернет арқылы кітаптардың сатылуы – әлемде кітап оқушылардың жылы қарсы алуына тап болды. Бұл әдісте бұрынғыдай кітап сату әдісі өзгеріп, сатушы мен сатып алушы байланыстары мен уақытының аздығы және мамандықтарының кемдігі, және т.б. осындай мәселелер жоқ болды. Интернетте жарнама жасау және оның электрондық сатып алуы мүмкіндігі кітап нұсқаларының жылдамдықпен сатып алушылар қолына жетуіне және кітап оқушылар санының артуына себеп болады.

Кітапқа ертеден келе жатқан білім мен өркениет және ғылымды келесі нәсілдерге жеткізу құралы ретінде көңіл аударылғанымен, бүгінгі күні бұлар жаңа технологияларға тәуелді. Әлем жамағатының 20 пайызын құрайтын америкалық және еуропалық елдер басылымдық технологиялар мен капитал ықтиярымен әлем кітаптарының шамамен 70 пайызын басып шығарады. Мамандар зерттеулері «қазіргі таңда кітап пен ғылым шығару – басты мәселелерге жатады, бірақ оларды басып шығару және оларға қол жеткізу жағдайларын жасау да ерекше маңыздылыққа ие» дегенді көрсетеді. Әлем мемлекеттері қай заманнан гөрі осы кезде жаңа технологияларға қол жеткізуге және баршаның ақпараттар мен ғылымды пайдалануына жағдай жасауға ерекше талпынады.

Бұл елдер жаңа технологияларды пайдалану арқылы сауаттылар санын арттыруды жоспарларына енгізіп отыр. Осылайша кітап пен оны оқуды көбейтуге болады. Әлемнің кейбір аймақтарында кітаптың аз шығарылуына қатысты алаңдаушылық статистикалар кітапқа қол жеткізу және оқуды көбейтуге үкіметтердің ерекше көңіл бөлулеріне себеп болды. Бұл статистиканың бір бөлімінде келтірілгендей, Африка құрлығында әр млн. африкалыққа – тек 20 кітап басылып шығады. Еуропалық елдерде бұл сан әр 1 миллион адамға 800-ден астамға жетеді.

Басымды мәселе, кітап оқушылардың санын көбейту және қандай да болмасын жағдайда кітапқа қол жеткізу жолдарын кеңейтуге талпыну. Мектептерде білім беру, жалпы қоғамдық байланыс құралдары және бос уақыттарға жоспар құру – кітап оқушалардың санын арттыруда маңызды әдістерге жатады. Мұның үлгісін Иранда көруге болады. Ирандағы оқу деңгейін зерттеулеріне қарағанда, соңғы жылдары денсаулық, психология, Құдайтану және діни оқулар салаларында жұрттың қоғамдық мағлұматтары бірнеше есе артқан. Осы себепті қоғамның жалпы білім деңгейі жоғарылап, Иран халқының өзі және қоғам тағдырына тікелей байланысты әлеуметтік және қоғамдық тақырыптар жөнінде сезімтал болуларына әкелді.

Сонымен қатар, Иранда өткен жылдармен салыстырғанда кітап шығару мен басылым санының көбеюі, бұл статистика жыл сайын өсіп, Иранда оқушылар санының артқанын түсіндіреді.

Кітап оқудың артуы басқа байланыс құралдарының көбеюімен тікелей байланысты. Иранда да осындай жағдай. Таяу Шығыс елдері арасындағы интернет пайдаланушылардың жоғары деңгейінің бірі Иранға тиесілі. 2005 жылы Иран жамағатының 8 пайызы, яғни 5,5 млн адам шамасында интернет пайдаланды. Бұл сан 2000 жылымен салыстырғанда 2300 пайызға өскенін көрсетеді. соңғы

мәліметтерге қарағанда, Иран қоғамында интернетті пайдаланушылардың басым бөлімін жастар құрайды. 18-28 жас аралығындағы жастар бұлардың алғашқы орында.

Көптеген мамандар интернеттің кеңеюімен қоғамдарда кітап және кітап оқу шетке шығарылады деп болжайтын еді. Бірақ бұлай болмады. Соңғы онжылдықтар жетістіктерінің бірі болып саналатын интернет – жұрттың қоғамдық және мамандандырылған білім деңгейлерінің өсуіне және кітапқа деген құштарлықтың артуына ықпалын тигізді. Ақиқатында, қоғамда интернеттің кеңеюінің оң әсерлерінің бірі – кітап оқушылардың дамуы мен кітаптар тираждарының көбеюі [8].

2 11-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т1) пәніне арналған дидактикалық материалдар

I Экология. Мұнай және атом индустриясы

14-жаттығу. *Тыңдалым. Айтылым.* Өлеңді мәнерлеп оқып, алынған ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді ақын ойымен салыстырыңыздар. Атом индустриясы, экология мәселелері туралы пікір таластырыңыздар.

Аз ба, көп пе білмеймін түсінгеннің,
Мен қазір жер-ананың ішіндемін.
Қаза болған жандардың моласынан,
Қатты шошып ұлиды ішімде мұң.
Қара жерге қармақ сап топас құлдық,
Полигон деп зұлымдық отастырдық.
Қан жүретін тамырын талқан етіп,
Қателік пен қылмысты шатастырдық.
Елу жылды елемей ортақ үміт,
Бомбаларды сынадық сор табылып.
Адам-ана құрсағы қолды болды,
Жер-ананың құрсағы қопарылып.

Мөлдіреген қанша айдын ылайланды,
Ей адамзат кім білер бұл айланды.
Жер-анадан нәр алар келер ұрпақ,
Қасіретін кімдерден сұрайды енді?!

Сор даладан сор ішкен сортаң халық,
Бедеу еттік бұл-қызды, жол таңдадық.
Адам-ана құрсақсыз күн кешкендей,
Жер-ананың жатырын талқандадық.

Осылай, Ана, Тұқым, Текті үзіппіз,
Аталық мейір нұрын кеткізіппіз.
Болашаққа жерге де ең қауіпті,
«Ұрпақсыздық» ілімін жеткізіппіз.

Адам ғой қара жер мен көк тірегі,
Мұнарасыз махаббат көк тіледі.
Бәрінен де тұлдыр боп қайран ару,
Қара жерге қайғысын төкті келіп.

Місе тұтпай тірлікті тағы жаны,
Жалқы жаны тау-тасқа бағынады.
Бедеу әйел қосылып, бедеу жермен,
Боздаған қобызға ұксап аңырады.

- О жаратқан! Жараттың тар дүниеден,
Жалбарынам құрсағым талды неден?!
Барды жасай білгенде жоқ нәрседен,
Барды жасау қиын ба, бар дүниеден.

Әлдекімде кетті ме тірі кегім,
Мынау жалған несіне бүлінеді?!
Өлі жерді тірліткен құдірет-ау,
Неге өлтірдің сезімді тірідегі?!

Адам қолы тоздырып төзімді,
Адам қолы тонады сезімді.
Махаббат бер, жігер бер, құштарлық бер,
Қайтар маған бар ұлы сезімді!

Бір жақсылық күтем-ау текке күннен,
Адами түйсікті бер текке күйген.
Бүйтіп тірі қалғанша күйік құшып,
Неге сонда мәңгі өліп кетпедім мен?!

Жер ананы жастық қып әйел басы,
Майда самал сипады қара шашын.
Сыры бірге жаралы Жер мен Ана,
Бір-біріне мұң шағып төкті жасын,

Адам түгіл мейірге тас иетін,
Қайран ұлы сезім-ай бас иетін.
Сол сезімді саудаға айналдырып,
Білмей жүр-ау біреулер қасиетін.

Күңіренді қара жер ауырғандай,
«Аһ» дегенде қатты дем тауды ұрғандай.
Еңіреген арудың көз жасы боп,
Жер-Ана жаңбыр жасын жаудырғандай.

Адамзатқа жабайы жат қылығын,
Жер-Ана да жерініп жатты бүгін.

Адам -Ана зар мұңын көтере алмай,
Аунап-толқып, жер-Ана шақты мұңын.

- Ей, Ана! Мен де сендей маздамадым,
Бомбадан менде құрый жаздамадым.
Мен де сендей бейбақпын, құрсақсызбын,
Адамға қызымет еттім азғана күн.

Мен де сендей бағымды сағынбаймын,
Дертке толы тастардың қоғындаймын.
Адам-ата заманындай мәуелі бақ,
Қазір менің бойымнан табылмайды.

Сені құртқан адамның алақаны,
Мені құртқан адами аласалық.
Құрбанымыз екеуміз адамдардың,
Менің де күнім күрең, ала таңым.

Баяғыдай менің де құдіретім жоқ,
Бойымда қасірет пен індетім көп.
Ішімді мынау пендем қайдан білсін,
Айтуға жеткізуге мен де тіл жоқ.

Ана шерін жер мұңы тұмшалады,
Қайғысы бір тірліктің мұнша халі.
Бірі жаспен ал бірі топырақпен,
Бейаналар қауышып мұң шағады.

Дүниеде бұдан артық қорлық бар ма.
Кім көнер мұндай үкім, зорлықтарға.
Жер мен адам мәйегін мұрат еткен,
Ғылымда бұдан артық зорлық бар ма?!

Барлығына көнеді бойсұнғандар,
Біз білмейтін жүр қанша жайсыз жандар.
Шырылдаған жанына демеу болып,
Көз салмайды бүгінгі ойсыз жандар.

Айырылған от басынан жолдасынан,
Арудың қасиетіне ән қосылған.
Ұлы өлкеде атақты жасыл көл бар.
Көл орнатып кетіпті көз жасынан.

Кесел кешкен кесірдің жас қаны әлі,
Дәрменсіздер көзінен жас тамады.
Көп нәрседен жерінген өмірдегі,
Қатыгездік осыдан басталады.

* * *

Қасіретшіл, атомшыл ей, даналар,
Ғасырында осындай кей жара бар.
Күнә жапқан полигон аймағында,
Көресің бе, құрсақсыз бей-Ана бар.

Қасіретін білеміз – Неваданың,
Естігенбіз есімін - Женеваның.
Қара жерді тапсырып ғасырыма,
Жан жарасын аршыдым мен ананың.

Қалай жауып қоя алам масқараны,
Қадір, қасиет құрсақтан басталады.
Ақылдың құрбаны етпей болашақты,
Бола ма екен ғылымның басқа амалы.

Бойжеткен-ау болашақ ғасырымның,
Сен де жары боларсың жасын ұлдың.
Шытырман құпияның арасынан,
Ебін тауып өзімше атырылдым.

Не дейді екен түсінген бұған ағын,
Ана зарын мен әйтеуі құп аламын.
Сырға толы құпия ар жағынан,
Белгісіздеу үміт боп сығаладым. [9].

Кербұғы - азаттықтың символы

15-жаттығу. *Жазылым.* Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыздар. Берілген тақырыпқа эссе жазыңыздар. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркесін пайдалану қажет.

Кербұғының ең алғаш көрген азабы әсте есінен кетпек емес. Таудың жықпыл-жықпылында жайылып жүрген бұғылардың тұс-тұсынан қиқу қаптады да, ағаш-ағаштың арасынан бір-бір құрық ұстаған салт атты адамдар қаптады дерсің.

Қапелімде не болғанын білмей сілейген Кербұғы басын оқыс көтергенде, мейіздей қатқан кара қасқа атты үсті-үстіне сабалап, құстай ұшып келе жатқан қауға сақалдыны көрді. Екі көзі ақықтай сүзіліп, тісі ақсия ұмтылған адамның қолындағы құрығы ес жиғызбай, нақ мүйізден салып өтті. Сонсоң ғана тамам бұғылардың ойға қарай жосылғанын көріп бір-ақ атылып, құрықты қолдан сытылып шыға берген. Бұдан соң тұяғын томарға ілдірместен зу-зу шапқылайтын атты адамдар жан-жақтан, ойдан-қырдан қаумалап әкеліп үлкен қораға күргейледі, бұдан әрі тықсырып келесі қораға өткізіп жіберді. Қорадан-қораға өткен сайын, өрістері тарыла берді. Мұндай теперішті бұрынды-соңды көрмеген Кербұғы арпалысып, шығар саңылау іздеп еді, өзі ғана сияр қақпаға сып етіп ене бере, әлдекім сарт еткізіп тиегін сала қойды. Сонсоң Кербұғының бөксесінен ұзын таяқпен түртпектеп әлгі ені тар шарбақтың өн бойын қуалата жүргізіп әкеліп, тақтайшаның үстіне шығарды да артынан тағы да көлденең тиек салды. Енді ол өзі ғана еңдейтін тар үйшіктің ішінде тыпырлап тұрды.

Қалай келгенін, неге келгенін білмейді. Жан ұшырды, торға қамалды. Жүрегі зырк ете қалғанда, бұны сылқ еткізіп төмен зынданға түсіріп, екі шықшыттан әлдебір қысқаш қысты. Екі шықшыттан қысқанда, көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспан айналып жерге түскендей болды, өзін қаумалаған адам, анау орман, тау-тастың бәрі төбесінен тік шаншылды. Оның жанары жаутандаған көзінде бүкіл әлем көріністеніп, сол әлемнің ендігі қожасы қатыгез адам да қол арасын сайлап әзір жүрді; ал сол адамның қомағай қарашығында мүйізден айрылып пұшайман болар Жасбұғы да тулап, тұтқында тұрған екен. Иір-иір тістер түкті мүйіздің түбін ала ілгерілі-кейін ырыл-дырыл болғанда, Кербұғының миын мың-миллион құмырсқа талапайлап жеп, маржандай тізілген тістері сырқырайды-ай. Әлгінде ғана мейірім тілеп жаудыраған кара көз әп-сәтте қанталап, ақиып шығып кетті. Еркіндіктің ерке желімен жарысып, ой мен қырдың ара-жігін ажыратпай, бұла боп өскен бұғы дәл қазір өмірдегі жамандық пен жақсылықтың уланған бастауынан дәм татты. Дәм татқызған — Адам! Тағдырдың бар талқысын жазмыштан ғана көретін аңқау көңіл, ақымақ хайуан бар билік, бар байлық, бар еркіндік тек адамдарда деп білді. Рас, Кербұғы екі аяқтыларды шексіз сүйетін, бірақ кейде, өз махаббатынан өзі шошынушы еді, бақса пенде дегенің қатыгез әрі ашқарақ, қанағатсыз екен-ау. Жек көрудің ең сұмдығын адамдардың өздері туғызады... Кербұғының қазіргі халі - жас баланың май өкшесіне шеге қағып, тағалағандай аса аянышты. Кербұғы тоқал болып жарамағанына өкінді. Қиянат! Не нәрсе сұлу болса, отап тастауға, не нәрсе биік болса, құлатып тастауға, не нәрсе аппақ болса, қаралап тастауға, не нәрсе сау-саламат болса, жаралап тастауға, не нәрсе адал болса, арамдап тастауға әуес жұмыр басты пенденің өз оңбағандықтарынан ақталар «ақиқаты» әрқашанда дайын: «Жақсылық туғызбайтын бірде-бір жамандық жоқ. Кездейсоқ оқиға болмайды: бұл дүниедегінің бәрі де — не сынап байқау, немесе жаза, немесе мақтау, күн бұрын болжау». Ал Кербұғының көрген азабын немен иландырар екен. Иә, иландырар дәлел сұрамайтын сырты түк, іші тезек хайуан болған соң, өз тілектерінің

құрбандығына салды да: «Дүниедегінің бәрі де қауіпті, бірақ бәрі де қасиетті», — деп, ақыл айтты. Кербұғы құрсаудан босап атыла жөнелгенде, мүйізін шайқамаққа басын ырғап-ырғап жіберіп еді, — тоқал басы қаңсып қалған екен. Жан жықпылындағы бағанадан бері жанартау болып жиналған ашуы бұрқ етіп қопарылғанда, алдындағы ағашта көлденеңдей байлаулы тұрған кара қасқа аттың үстінен бір-ақ секіріп басы ауған жаққа лаға жөнелді. Бүкіл адам атаулыдан безіне, толассыз ұзақ жүгірді. Осы екпінімен лекітіп етпетінен құлағанша безе беруге бел байлаған, бірақ көп ұзамай, тұмсығы даңғарадай қорғанға тірелді. Сол жуан-жуан сырғауылдан қиып жасалған сатының бойын қуалап тағы да жүгірді, таусылар емес, бүкіл тауды айналып бағанағы орнына қайтып оралғанда ғана, өздерінің қоршауда жүретінін сезді [10].

II Қазіргі қоғам: Еуропа мен Қазақстандағы жұмыссыздық

16-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіннен негізгі тірек сөздерді табыңыздар. Қосымша фактілік аргументтерді қосып айтыңыздар.

Қазақстандағы кедейшілік мәселелерінің әлеуметтік аспектілері

Кез-келген экономикалық жүйеге ілесетін кедейшілік құбылыс ретінде даму деңгейіне байланыссыз әлемнің барлық елдерінде болған және қазір де бар. Кедейшілік тек адамдардың тұрмыс деңгейіне ғана ықпал етумен шектелмейді, ол сонымен бірге қоғамның әлеуметтік және саяси саладағы өмірлеріне әсерін тигізіп, көпшілік жағдайларда қылмыстың өсуі мен әлеуметтік жанжалдардың тууының себеп көздеріне айналады. Қазақстандағы қоғамы қызметінің барлық қырларын дерлік қамтитын көп факторлы құбылыс ретінде кедейшілікті азайту проблемасы, біздің әлеуметті-экономикалық дамуының және нарықтық реформаларды іске асырудың одан арғы барысындағы ең маңызды міндеттердің бірі ретінде қаралады.

У. Уилсонның пайымы бойынша кедейшілікті қоғам өзі тудырады. Өйткені, қалалардың орталығында жұмыс орны жеткіліксіз. Сондықтан, кедейлердің енжарлығы мүмкіндіктердің шектеулі болуының нәтижесі. Нарық экономикасының үстеме пайда табу заңдылығына сай, ірі өндіріс орынның иесі оның тиімділігін арттыру үшін оны шикізаты мен еңбек қоры арзан елдерге көшіреді. Табыс жоғары кезінде өндіріс кеңейтіледі. Ал, дағдарыс кезінде қызметкерлерді аяусыз қысқарта бастайды. Сондықтан, Еуропада жұмыссыздық 7 пайыздан 10 пайызға дейін өсті, ал Испания, Грекия мен Португалияда 15-20 пайызға жетті. Бұл ереуілдер қозғалысын күшейтті.

Кедейшілік мәселесі Қазақстанды 90 жылдардың басынан толғандыра бастады. Оның өткірлігі, кедейшілік нақты табыстың күрт төмендеуі мен қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшеюі салдарынан қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әсер ете бастаған сәттен бастап байқалды. Кедейшіліктің өсуі, оның үлес салмағынан да, кедейшілік санаттары бойынша да көрініс тапты.

Кедейшілік деңгейінің өзгеру қарқынында оның қалыптасуының екі кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең – 90 жылдардың бірінші жартысы – бұл кезде халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауынан, кедейшілік ауқымының ұлғаюынан, табыстар, тұтыну, маңызды материалдық және әлеуметтік игіліктерге қолжетімділік бойынша қарастырғанда әлеуметтік ала-құлалықтың күшеюінен көрінген аса келеңсіз үрдістер байқалды. Екінші кезең – 90 жылдардың екінші жартысынан бастап, қазіргі кезге дейін – экономиканың нақты секторындағы оңды ілгерілеулер нәтижесінде халықтың бақуаттылығы өлшемдерінің біршама тұрақтану кезеңі.

Кедейшілік мәселесі қалай экономистердің, әлеуметтанушылардың және саясаттанушылардың, сонымен бірге, қарапайым азаматтардың да назарында болып келді. Бұл мәселе жөнінде көптеген пікірлер айтылып, талдап-талқылаулар жүргізілді. Біздің ойымызша кедейшіліктің негізгі негативті салдарын көрсетуге болады.

Бірінші, ұлт генофондының төмендеуі мен азаюы: халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының азаюы, туудың төмендеуі, халық денсаулығының нашарлауы, девиантты мінез-құлықтың, маскүнемдіктің және нашақорлықтың өсуі. Екінші, қылмыстың өсуі, адамдардың қауіпсіздік қауіп-қатерінің өсуі. Үшінші, әлеуметтік шиеленіс қаупінің артуы, халықтың өмір сүру деңгейімен қанағаттанбауы, наразылық акциялары. Сонымен, Қазақстанда кедейшілік мәселесі еліміздің қауіпсіздігіне қауіп әкелмес бұрын, кідіртпей дұрыс оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді [11].

17-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіннен ақпаратты жағымсыз бағалайтын жерін табыңыздар. Мәтін мазмұнынан басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыздар.

Қазір өңірлерде жиын-терім жүріп жатқан кез. Оңтүстікке жолыңыз түсіп келе қалсаңыз ауыл-ауылды аралап, өріп жүрген өзбекті көрер едіңіз. Патриоттығыңыз ұстап кетіп: «Бұлар қазақтың аузындағысын жырып алып, тасығанын қашан қояр екен?» деп кейістік танытуыңыз әбден мүмкін. Бұлай етсеңіз, қателесіз, заңға да, адамгершілікке де қайшы келгеніңіз. Өйткені бұлар шекара асып, бірдемесін ішіне бүгіп келген өзбекстандық өзбектер емес. Өзіміздің бір теріні бірігіп илеп жүрген қазақстандықтар, яғни «бірді қайтсем екі етем» деп, күн көрістің қамымен диханшы қазақтың тауарын сатып алып, қалаға апарып үстемелеп сатып, тірлігін дөңгелетіп мемлекетіміздің экономикасына өз үлесін қосып жүрген өзбек ағайындар. Дәл осы жерге келгенде тағы ішіңіз бүлк ете қалады: «Қазақтың төрт құбыласы түгел ме? Неге осы кәсіппен қазақтың өзі айналыспайды?» Жөн сөз! Жұмыссыз, күйсіз жүрген қазақ аз ба? Бізді осы сұрақтар мазалап, диханшы қазақтардан сыр тартудың сәтін түсірген едік.

Шаруалармен сұхбат құрғанда түйгеніміз — диханшы қазақ, саудагер қазаққа тауарын сатудан қашқақтайды екен. Себебі, қандас қазаққа тауарын саудалағаннан

гөрі өзбек ағайындарға пұлдаған тиімді. Неге? Мұның да жауабын диханшылардың өзі айтып берді.

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, бауырларымыздың басым бөлігі сауда ісінен мүлде хабарсыз. «Тіпті сауданың қарапайым ережелері мұрнына бармайды» деп күйіп-піседі олар. «Сонда қалай?» дейміз ғой баяғы. «Айта берсең, әңгіме көп» дейді олар. Оның жайы мынандай екен. Біріншіден, саудаға қатысты құрал-жабдығы сай емес, ұқыптылық аз. Таразы бар, қорап жоқ. Қорап болса, таразы жоқ дегендей олақтық, салақтық басым. Мысалы, сіздің сататын 10 жәшік алмаңыз бар делік. Мұны жинап-теріп дайындап алып кету үшін олар бүтін бір күніңізді алады. Уақытыңызды алып қана қоймай кемі бір жәшік алмаңызды ұрып-соғып, адам қарағысыз етіп бүлдіреді. «Мұның қалай?» десең, «Алма жерде жатқан тас емес қой!» деп өзіңе күш соғады. Сосын өзіңіз де бүлінген алманы сатуға ыңғайсызданып малға бересіз. Ал өзбек ағайындар бұл шаруаны бір-екі сағатта тап-тұйнақтай етіп бітіреді. Әрі сататын алмаңыз да бүлдірмей түгел алып кетеді.

Екіншіден, қазақ саудагерлері тауарыңызды қарызға алуға бейімделіп, қолын ысқылап құлшынып тұрады. Қалтасында ақшасы бола тұра қарызға сұрайды. Мақұл, бұған да көнейін десең ақысын түгел бермей күйдіріп кетеді. Сондағы олардың жаман ойларын қараңыз, айтуынша, тауардың ақысын нақпа-нақ төлесе немесе түгел беретін болса, іздеп келіп тұрған ырыс-несібе басқаға ауып кетеді-мыс. Ырымдары сондай қазақ саудагерлерінің.

Үшіншіден, затыңызды алып болғанша міндет ұрып бітеді. «Шай бар ма?», «Қымыз әкел!», «Электронды тараз тапсай!», «Дихансың ғой, бағасын түсірсей!» деген сияқты әңгімелері көп. Ал өзбектер керісінше жасайды – көңілінде дық қалдырмайды.

Ауызды қу шөппен сүртуге болмас. Құдайға шүкір, саудаға бет бұрып жүрген бауырларымыз баршылық. Бірақ, олар тым аз. Ауызға алуға тұрмайды.

Үкіметіміз «орта және шағын бизнесті дамытайық, қолдайық» деп жатыр ғой. Ендеше, ата-бабасы сауда жасап көрмеген қазақтардың осы мінезін ескеріп, арнайы бағдарламалар жасап, саудаға үйрету, түсіндіру жұмыстарын жандандырса, нұр үстіне нұр болар еді [11].

III Ғылым және этика. Киброгтар мен клондау

18-жаттығу. *Айтылым.* Жаңа технологиялардың адам игілігіне қажеттілігі мен кері әсерлері туралы айтыңыздар. Сабақта АКТ-ны пайдалана отырып «Клондау: пайдасы мен зияны» тақырыбында презентация жасап, жоба қорғаңыздар.


Жаңа технологиямен келетін жаңа спорт түрлері



4-сурет—жаңа спорт түрлері

Ғылымның дамуы барысында жаңа мүмкіндіктер ашыла түседі. Джетпак, телепорт немесе киборгизация сияқты сөздердің өзі бізге еміс-еміс естілетін болды. Бір қызығы, жаңадан шығып жатқан технологиялардың барлығы да көріпкелдердің болжамы мен жазушылардың кітаптарында «нұсқаулық» ретінде болған. *Massaget.kz* адамзаттың болашақта айналысатын (4-сурет) спорттың жаңа түрлерін ұсынады.

Жарық-диодты қылышпен шайқасу



5-сурет – Жарық-диодты қылыш

MIT және Гарвард университеттерінің физик ғалымдары «Звездные войны» фильміндегі жарық-диодты қылышты (5-сурет) жасап шығудың аз-ақ алдында тұр. Ғалымдар ойыннан гөрі кванттық компьютер жасап шығу амалдарын қарастырып

жатқанда біз өз кезегімізде лазерлі қылышпен шайқасу спорты туралы ойлап көрсек артық етпейді.

Телепортация арқылы тығылыспақ ойнау



6-сурет – Телепортация

2009 жылы Мэриленд университетінің кванттық физика мамандары бір атомды бір метр қашықтыққа телепортациялады. Осы нәтижелі зерттеу әлі де дамып, бүкіл әлем ғалымдарының назарына ілігуде. Егер қандай да бір затты екінші бір жерге телепортациялау (6-сурет) сәтті дамып жатса, бұл арқылы кәдуілгі тығылыспақ ойынының заманауи түрін дамытуға болады екен. Геокэшинг деп аталатын ойын қазірдің өзінде-ақ ойналып жүр. Бұл ойын – *GPS*-құрылғы арқылы тығылыспақ ойнау болып табылады.

Десек те, ғалымдардың айтуы бойынша, адамды телепортациялау үшін көп уақыт керек. Генетикалық код, жады, естеліктер мен ойларды екінші бір мекенге телепортациялау үшін адамзатқа 4,5 квадриллион жыл қажет екен.

Киборг-атлеттердің жарысы



7-сурет – Киборг

Қазіргі спортсмендер уақыт өткен сайын жаңа рекордтар орнатуда. Десек те, адам баласының мүмкіндіктері шектеулі екендігін бәріміз де білеміз. Болашақта ғылымның дамуымен бірге адам денсаулығы мен мүмкіндіктері де дами түсуі мүмкін деп болжауымыз заңды. Бүгінде де «допингтер» адам бұлшық еттері мен ағзасын кереметтей нәтижеге дейін жеткізіп жүр. (Зияны да жоқ емес).

Мәселен, биоэтик Энди Миам адам денесінің хирургиялық өзгерістерге ұшырайтынынан пайдасы тимесе аса зияны бола қоймас дегенді айтады. Адамның әрбір қызмет бөлшегін жетілдіру арқылы Энди «кибернетикалық ағза» түсінігінің мәнін ашып береді. Адам мен техниканың қосындысын – киборг (7-сурет) десек, сол киборгтардың өзіндік спорт түрі болса несі жаман? Оған мысал ретінде 2007 жылы Оңтүстік Африкадан шыққан Оскар Писториустың ерлігін айтсақ та жеткілікті. Оскар әлемнің 6 дүркін чемпионы ғана емес, сонымен қатар сау адамдар қатысқан көптеген жазғы жарыстарда жүлделі орындарды алып жүр.

Ховербордпен ұшу



8-сурет – Ховерборд

Ховерборд (8-сурет) – дөңгелегінің орнына «антигравитатор» орнатылған ұшатын скейтборд. Әзірге бұл құрылғы жер бетінен 7 сантиметр биіктікте ғана ұша алады. Бұл аппараттың айқын протатипі «Назад в будущее» фильмінде бар. Фильмде 2015 жылы болатын оқиға суреттелген. Қиялдап көрсек, келер жылы біз осындай ховербордтармен сабаққа я жұмысқа да бара аламыз немесе таулы алқаптарды ұшып саяхаттай аламыз. Ғалымдар да бұл аппаратты дамыту үстінде екен.

Мәселен, франциялық суретші Нильс Гаданьян фильмдегі аппаратты жасап шыққан. Десе де оның құрылғысы адам салмағын әзірге көтере алмайды. Ховерборд электромагнетизм заңдылығының күшімен ауада тұр. Ал ең бастысы – оның кереметтей дизайны болып отыр.

Өзге ғаламшарлардағы альпинизм



9-сурет – Альпинизм

Өзге ғаламшарлардағы таулы жерлеріне бару – болашақта ең бір қызықты спорт түріне айналады дейді білгіштер. Күн жүйесіндегі өзге де планеталарда біздің ғаламшарымыздағы тауларға қарағанда биік таулы (9-сурет) жыныстары бар. Мәселен Шолпан ғаламшарында Иштар деп аталатын тау біздегі Тибет тауларынан екі есе биік. Ал оның ортасында 11 мың метр биіктікте жанартау бар екен. Ал күн жүйесіндегі ғаламшарларының ішінде биік тауымен Марс қана мақтана алады екен. Олимп жанартауының биіктігі 24 мың метр. Екінші орында Вест шыңы.

Егер технология дамып, адамзат өзге ғаламшарларға саяхат жасай алатын болса, бұл спорт түрінің дамитыны күмәнсіз [12].

Қазіргі әлемдегі ер мен әйелдің рөлі

19-жаттығу. *Жазылым.* Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыздар.

Алайда іс мұнымен біткен жоқ. Айсұлу, не ойы барын кім білсін, Баймырзаны бұдан кейін де босатпады. Құрылысты бес саусақтай білетін тәжірибелі маманның шеберлігі ұнады ма, әлде өзін ұнатып қалды ма, фирмада тұрақты қызметке қалуды ұсыныпты. Қызмет болғанда, анау-мынау емес, өзіне он қол орынбасар етіп алмақ. Жалақысы тіпті жоғары дейді. Баймырза көңілді. Ал Бисараның қуанышында шек жоқ. Көшеде қалған адамға табысы мол, тұрақты жұмыс табылса, бұдан артық құдайдан тілегені не?! Бисараның естуінше, Айсұлу — бизнес саласында түтіні түзу ұшып тұрған бай қатын көрінеді. Көңілге секем алдырар бір ғана жері - жесір екен. Күйеуі осыдан үш-төрт жыл бұрын жол апатынан қаза болыпты. Қолында мектепте оқитын қызы ғана бар. Бірақ төркін жұрты мықты, ағалары қазір мұнайдың тұтқасын ұстап, тіреп тұрса керек. Алысты болжайтын көзі ашық, қолы ұзын адамдар реформаның алғашқы жылдарында

үкіметтен кредитке мол-мол ақша алып, байлыққа белшеден батып қалмады ма? Айсұлу да сол қамтып қалғандардың бірі екен. Банкротқа ұшыраған мебель фабрикасын өзіне қаратып алған. Шет елден құрылыс материалдарын, сантехниканың неше түрін алдырып, арнайы дүкендер ашқан. Қазір сол кәсіпорындар «Айсұлу фирмасы» атанып, дүрілдеп тұрса керек. Баймырзаның астында — сүліктей ақсұр «Волга». Айсұлудың өзі «Мерседеске» көшкенде, ескі машинасын бұған беріпті. Жұмысқа ертелі-кеш сол машинамен қатынайды. Бастарына бақ құсы қайта қонғандай, үй-іші мәре-сәре... Баймырза қызмет істей бастаған алғашқы айлардың бірінде «әдейі танысқалы келдім» деп Айсұлу осы үйге кіріп шықты. «Базарлытым» деп ала келген сәлем-сауқаты бар. Байлық неге жаман болсын, неше алуан жеміс-жидек, қымбат шұжық, арақ-шарап салынған қағаз жәшікті шофер жігіт зорға көтеріп кіргізді. Бисара бір көрсем-ау деп жүрген Айсұлуды бірінші реет сонда көрді ғой. Жасы қырықтар шамасында. Бірақ өңі таймаған, сыны бұзылмаған. Сұңғақ бойлы, омыраулы келген қараторының әдемісі. Әсіресе, көгілдір сағым ойнап, күлімдеп тұратын тұнжыр көзінде бір пәле бар. Үстіндегі қымбат бағалы киімдері мен жақұт көзді сақина-сырғалары да оның кім екенін әйгілеп тұрғандай. Мінезі тым ашық екен. Бисараны билеп-төстеп, лезде үйіріп әкетті. Әнтек бейпіл ауыздау ма, қалай?

- Сен қатын, өзің қызғаншақ емессің бе? - деді бір мезгілде мұның бүйірінен нұқып қалып. Үстелде шай жасап жатқан Бисара сасқанынан:

- Жоға! - депті ғой аузына басқа сөз түспей.

- Оның жақсы екен! Кең болсаң - кем болмайсың. Көңіл сыйса, бұл күнде екі қатынға бір бай былай жетеді! — деп Айсұлу қолының қырымен тамағын бір шалып өтті. Шыны қайсы, қалжыңы қайсы, айыру қиын еді. Бисара бір күн де болса күні қарап тұрған қожайын әйелге не десін, оның әдепке жатпайтын ойпыл-тойпыл сөздерін елемей, жылы шыраймен шығарып салды.

... Әйтсе де, Бисараның көңілінен бір қорқыныш кетпей-ақ қойды. Баймырза бейне цирктегі аспалы арқанға өрмелеп, бір қатерлі ойын көрсетіп жүргендей, бір күні содан үзіліп түсетіндей... Кейінгі кезде Айсұлу екеуі жұмыс бабымен Түркия, Қытай, Ресей асып кететін болды. Сол жақта айлап-апталап бөгеліп те қалады. Сондай кезде үйде қалған Бисараның жаны шырқырайды. Шетелдік әсем қала, сәнді қонақ үй, онаша бөлмелер... Анау-мынауды құтқармайтын Айсұлудай әйел бірге жүрген қарауындағы жігітті аман қояды дегенге кім сенеді? Бірақ соған көлденең тұрар амалы қайсы? Байыңды бір мекемеге байлап қойып, жіптің ұшынан ұстап отыратын баяғы заман жоқ... Адам басқа түссе бәріне де көнеді екен ғой. Бірте-бірте жаңа жағдайға Бисараның да еті үйрене бастады. Мұндайда Баймырзаны ақтайтын әлдебір қисындар тауып: «Тәйірі, еркектің күші бір таң асса қайта қалпына келетін аттың тері секілді нәрсе емес пе? Ту байталдай тұл жесірді Баймырзадан аяйын ба? Қайта, сол есірген қатынның кеудесіне шығып, есесін бір қайырсыншы!» деп өзін-өзі жұбататын болды. Осыған өзін сендіргісі-ақ келеді. Бірақ ішкі дүниесі ит жыртқандай алау-далау. Күйеуінен Айсұлудың жайын сұрайын деп талай оқталса да, жүрегі құрғыр дауаламайды. Сұраса, бір

сұмдықтың беті ашылатындай көрінеді. Одан гөрі осылай ештеңе сезбеген, білмеген болып жүре тұрғаны жақсы сияқты. Сұрайтын да не бар? Онсыз да бәрі белгілі емес пе? Бисараны екі күн кермесе өліп-өшіп тұратын баяғы Баймырза жоқ. Ана құйымыр қатыннан не артылар дейсің?! Қолына түскен соң біреудің байын аясын ба, сүліктей сорып, қақтап жіберетіні көрініп тұр. Ақыры, Баймырза әрнені сылтауратып, үйде қонбай қалатын әдет тапты. Қанша төзімді, жансебіл болғанымен, Бисара да пенде ғой, бір күні тарс етіп жарылды. Көптен көкірекке байланған шер-шеменді көз жасымен ағыза отырып, Айсұлу жайындағы бар күмәнін ақтарып салды. Өзінше, Баймырза қазір ақталар, әлдебір сылтаулар айтып, шырылдайтын шығар деп ойлаған. Бір ғажабы, күйеуі соның бірін де істеген жоқ. Кінәсін бірден мойнына алғандай:

- Ал сеніңше, не істеуім керек еді? - деді мұның өзіне қарсы сұрақ қойып.

- Ол қатын менің біліміме, қабілетіме қызығып жүр дейсің бе? Қазір тас лақтырсаң, жұмыссыз жүрген инженерге тиеді... Әлде соның бәрін тастап, сенің бетіне қарап отырайын ба?! Мұндай қарсы шабуылды күтпеген Бисара не айтарын білмей абыржып қалды. Ежелгі сарынмен отбасының бүтіндігі, адалдық, махаббат жайында сөз бастап келе жатыр еді, ашулы Баймырза орта жолдан тағы киіп кетті.

- Махаббатшылын! - деді кімді кекетіп отырғаны белгісіз. — Адыра қалған қайдағы махаббат бұл заманда?! Ең алдымен өлместің қамын, күнкөрісті ойлау керек... Қазір жап-жас әйелдер шиеттей балаларын асырау үшін тәнін сатып жүр. Сен соны білесің бе? Солар желік қуғаннан істеп жүр ме сол кәсіпті? Бұл күнде махаббат та бизнестің бір түріне айналған...

- Өй, өйткен бизнесің бар болсын! - деді Бисара дүниеден түңілгендей. - Сонда не, мен енді байымды жалдап күн көруім керек пе?

- Басқа қандай амал бар? Біреу күшін, біреу өнерін, біреу тағы бірдеңесін сатып жан баққан заман... Менің қолымда дәл қазір жастық көркімнен басқа кәдеге жарайтын не бар? Бисара қарсы ештеңе айта алмай, іштен тына күрсінді. Бар қолынан келгені — көз жасына ерік берген.

...Ертеңінде Баймырза келгенде де осы әңгіме қайта жалғасты. Бисара ұрысты, жылады, шашын жұлып, бетін жыртты.

- Өзің де құры, ақшаң да құрысын! Енді менің көзіме көрінбе! - деді. Баймырза да бар дәлелін айтып жатыр.

- Сенен, балалардан бөлек тұру маған да оңай дейсің бе? Бірақ, осылай етпеске амалымыз бар ма? - деді.

- Сенің қасыңда Айсұлу деген кім ол? Сен одан әлдеқайда жассың, сұлусың. Өзімнен бес жас үлкен қартаң қатынға көңілім ауатындай мені жын ұрып па? - деді.

- Мен әлі-ақ Айсұлудан іргемді бөліп, өз алдыма тірлік жасаймын. Тізгінім қолыма тиген күні бір сәт те аялдамай, өзіңе қайтып ораламын. Соған дейін мұрсат бер! - деді. Қойшы, әйтеуір, Бисараның басын айналдырып жүріп, осыған көндірді ғой. Көнбегенде қайда барасың? Тіпті, бір ауыз сөз айтпай кете берсе де, қазір еркекті ұстап тұра аласың ба? Қайта, Баймырзаның арттағы бала-шағасын

ойлап қайырылғанына рақмет! Құр кеудеден, жалған намыстан не шығады? Намыс — саған нан бола ма, киім бола ма? Бірақ далада тегін жатқан бай жоқ [1].

IV Миграция, зияткерлік миграция

20-жаттығу. *Жазылым.* Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыздар.

Т. Мамашев: Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайының басты ерекшелігі – Тәуелсіздіктің 20 жылдығында өтетіндігінде

Еліміз тәуелсіздігін алған кезде құрылған алғашқы қоғамдық ұйымдардың бірі — Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы.

Керегесін дербес мемлекетіміздің таңымен бірге қалаған ұйымға келер жылы 20 жыл толады. Қауымдастықтың осы уақытқа дейін атқарған жұмыстарымен және қазіргі тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында, сондай-ақ 25-27 мамыр күндері Астана қаласында өтетін Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайының қарсаңында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашевтан алған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

- Талғат Асылұлы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылуы ел тәуелсіздігінің арқасында мүмкін болғанын білеміз. Егеменді ел болуымыз шетелдегі қандастарымызға не берді?

- Иә, біздің Қауымдастық еліміздің дербес мемлекет болуымен дүниеге келді, сондықтан біздің ұйымның құрылуын тәуелсіздік алуымызбен тікелей байланысты деп айтсам да болады. Келесі жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толады. Қазақстанның егеменді ел болуы ең алдымен, шетелдегі қандастарымызға туған тарихы Отанына оралуға жол ашты.

Бүгінде әлемнің әр қиырындағы 40 елде 5 миллионға жуық қазақтар тұрады. Отандастарымыздың 1 миллионнан астамы Ресейде өмір сүріп жатса, Өзбекстан елінде 1,5 миллион қазақ бар. Дәл осыншама қазақ Қытайда ғұмыр кешуде. Моңғолия, Иран, Ауғанстан елдерінде де біршама қандастарымыз бар. Бір сөзбен айтқанда, қазақтар Канададан бастап Австралияға дейінгі аралықта тұрып жатыр. Кеңес дәуіріндегі темір қақпа КСРО-ны бүкіл әлемнен бөліп, адамдарға араласуға мүмкіндік бермеген еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шетелдегі қандастарымызға есік кеңінен ашылды. Сол кезден бастап сырттағы қандастарымыздың тарихи Отанына қайтуға, ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерді көруге деген ынталары жылдан жылға артты. Алғашқы жылдары тіпті, көп болды десем болады.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы 1992 жылы құрылды, дәл осы жылдың қыркүйек айында Алматыда бірінші құрылтай өтті. Оған 30 елден 600-ден астам делегат келді. Дәл сол 1992 жылы барлық делегаттар үшін ата-бабаларының ұзақ

жылдар бойы орындалмастай болған армандары жүзеге асты. Мен қызмет бабымен шетелдерде, әсіресе, қазақтардың көп шоғырланған жерлерінде көп боламын. Сондықтан олардың Отанына деген сағынышын, ішкі сезімдерін, кейде шарасыздықтарын да жақсы түсінемін. Олар өз сезімдерін әрқашан ашық айта алмайды. Кезіндегі аштық, адамдарды еріксіз бас сауғалатты. Екінші миграция толқыны ел тәуелсіздігін алған жылдары болды, ол кезде білесіздер, әлеуметтік-экономикалық жағдай қиын болды. Көбі Қазақстанның қиын жағдайдан шығып кететініне сенбеді. Ал бүгінде ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы алдында біз жаңа Қазақстанды, болашаққа ұмтылған елімізді көрудеміз.

- Жалпы құрылтайға қанша делегат шақырылды?

- Құрылтайға әлемнің 35 таяу және алыс шетелінен 380 делегат, сондай-ақ Алматы мен Астана қалаларынан, еліміздің өңірлерінен 300-ден астам өкілдер шақырылды. 680 делегаттың қатарында шығармашылықтың, ғылым, педагогика, зияткерлік, бизнес, спорт салаларының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Делегаттар арасында Чехияның экс-министрі Жәмила Стехликова, Чувашияның экс-министрі Гүлмира Әкімова, Моңғолияның Оқу-ғылым және мәдениет министрінің орынбасары Чоной Күлэнда, Ресейдің Түмен мемлекеттік Думасы іс басқармасы бастығының орынбасары Кенесары Қойше, Мирный қаласы әкімінің муниципалдық саясат, әлеуметтік мәселе және кадр жөніндегі 1-ші орынбасары Гүлсім Бейсенбаева бар. Ал шетелден келетін 50 ғалым және 12 академиктің ішінде аса көрнекті тарихшы Ермұхан Бекмахановтың қызы, мәскеулік профессор Нәйла Ермұханқызы Бекмаханова, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері, Алашорда көсемдерінің бірі Мұхамеджан Тынышпаевтың ұлы мен немересі академик және техника ғылымдарының докторлары Дәулет Мұхамеджанұлы мен Асқар Дәулетұлы бар.

- Үшінші құрылтайдан соң, осы уақыт аралығына дейін шетелдегі қазақтардың қауымдастықтарында қандай өзгерістер болды?

- Әртүрлі себептермен көшкен қазақтар бізге жақын елдермен қатар, алыс шетелдерде де тұрып жатыр. Мәселен, 1 миллионға жуық еліміздің бұрынғы азаматтары Германияда тұрады. Бүгінде ол қазақстандықтар ұлттары әртүрлі болса да қауымдастықтар құруда. Оларды ортақ тамыры біріктіруде, тіпті мүмкін Қазақстанға деген сағыныштары да біріктіруде.

Ресми мәліметтер бойынша, соңғы 20 жылда Қазақстанға 800 000 қазақ көшіп келді. Ал біз табиғи өсім есебімен алғанда бір миллионнан асты деп санаймыз. Алғашқы жылдары қандастарымыздың келу жайында әр түрлі пікірлер айтылды. Менің ойымша, бұл бастама мен қадам қазақтардың санының ұлғаюына ықпал етті. Олар біздің тілімізді байыта түсті. Ата-бабасының кіндік қаны тамған жерге келгендердің ішінде зиялы қауым өкілдері де көп болды. Атап айтқанда, 60-қа жуық ғылым докторлары, 300-ден аса ғылым кандидаттары, танымал жазушылар, өнер қайраткерлері, сонымен қатар кәсіпкерлер де болды. Олардың ішінде бүгінде ел өнерінің мақтанышына айналғандары қаншама. Олардың әрқайсысы ел

дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазақстан аумағы бес Францияны құрайды, ал халықтың саны бұл көлемге сай емес. Сондықтан, халық санының өсуі этникалық қазақтардың саны есебімен толығатын болады. Бұл тарапта, Қазақстан басқа ел тәжірибесіне сүйене отырып, арнайы «Нұрлы көш» бағдарламасын жасаған болатын. Өздеріңіз білесіздер, бағдарлама алғашында қарқынды іске асып еді, соңғы үш жылда қандастарымыздың елге қайту үрдісі бәсеңдеп қалды. Ол бағдарламаны іске асырудағы ұйымдастыру мен қаржылық мәселелерге, сонымен қатар көші-қон органдарындағы жұмыс мәселелерімен байланысты болып отыр. Дәл осы және өзге де мәселелер, сонымен қатар ұйымның алдағы дамуы жақында өтетін құрылтай барысында талқыланатын болады. Алдағы 10 жылда елге 1 миллион қазақты қайтара алсақ, онда халықтың 75 пайызын қазақтар құрайтын болады. Ол ең алдымен мемлекеттік тілдің мәселесін шешуге ықпал ететін болады деп санаймын [13].

21-жаттығу. *Айтылым.* Мәтінді оқып, жазушының «Мені» туралы өз ойларыңды айтыңыздар. Қазақ қоғамынан жырақта жүрген қазақ зиялылары туралы пікір алмасыңыздар.

Мұхтар Мағауин: Шұбартаудан Чехияға дейін

Ақпанның алғашқы күндерінің бірі – Мұхтар Мағауиннің туған күні. Жетпіс үш түгілі, тоқсан үштің төбесінен қарап тұрса да, туған күнін оқырманы білмейтін, іздемейтін жазушылар бар. Ал Мағауиннің туған күнін интернет сайттарынан бастап, біраз басылым жазды.

Елде емес, бүгінде чехтардың астанасы Прагада тұрып жатқан Мұхтар Мағауин – қазақ әдебиетінде өзі ндік орны бар тұлға. Ол – қазақтың маңдайалды жазушыларының бірі.

«Ізінен аңыз ерген» айдарына Мұхтар Мағауин жайлы жазамыз дедік. Жазушылығы, жазғандары қалың оқырманының көз алдында ғой. Біз «Мұхтар Мағауин қандай адам?» деген сауалға көбірек үңілгіміз келді.

«Мағауин – тәкаппар, діні қатты, басынан сөз асырмайтын кіді адам, кірпияздығы да бар» деген әңгімені әдебиетте жүрген ағаларымыздан көп естиміз. «Мұхтардың тілінің уыты бар, жақтырмаған жайды запырандай ащы сөзімен жайпап салады» дегенді де аз естімедік. Кейбір әңгімелерден Мағауиннің кісілігімен қоса, кісәпірлігі де бардай көрініп қалатыны бар. Қайбір жылдары Мұхтар Мағауиннің есімі қаламгерлердің өзара дауласқан даулы мәселелерінде жүрді, «жалалы» әңгімелерге де басы шатылды. Бүгінде Мұхтар Мағауин қазақ қаламгерлерінің қайбір жылғы қырық-пышақ қырқысынан да, алты арқан алауыздығынан да алыста. 2007 жылдан бері Чехия астанасы Прагада тұрып жатыр. Чехияда шығармашылық жұмыспен арқайым айналысып отыр. Мұхтар Мағауин кім, асылында ол қандай адам? Жазушы «Мен» ғұмырнамалық

хамсасында өзі жайлы: «Мен... Кіммін? Ешкім білмейді. Өз ұғымым да бұлдыр. Анық ақиқаты: тегім – кісі, дінім – ислам, нәсілім – түрік, ұлтым – қазақ, ұраным – Алаш, есімім – Мұхтар, сойым – Мағауин, туған жылым – миләди 1940», – дейді. «Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады, атаның аруағын арқалап жүрген – жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана, Мен болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек-көзі ашылмайды...» – деп жазады. Қазақ қаламгерлеріне ұнамаған да Мағауиннің осындай менмен сөздері. Сондықтан да «Мен» романын бірқатар ақын-жазушы «мен, мен» деп кеудесін ұрған кеудемсоқтың жазғаны деп қабылдады. Жо-жоқ, ескі дауды қоңырсытып, Мағауиннің «Мен» романы жайында айтқымыз жоқ. Біз тек Мағауиннің «мен кіммін?» деген сауалға қалай жауап бергенін келтірдік [13].

22-жаттығу. Тыңдалым. *Айтылым*. Өлеңді мәнерлеп оқып, алынған ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді ақын ойымен салыстырыңыздар. Келісіп не қарсы болып, диалог, монолог құрып айтыңыздар.

Саған жұмыс кім істер, мен істемей,
Шабамын кеп өр демей, еңіс демей.
Көші – қонның заңының әр тармағын,
Шағатұғын боп алдым шемішкедей.
Мерзімінен Ұлы көш кешікті деп,
Жатыр аздап түйінін шешіп, міне.
Сендер үшін кіретін Астанада,
Есікті де білемін, тесікті де.
Көбейсе елім күмбірлеп күй тұрмас па,
Тырмыспайды шығам деп битім басқа,
Сені келсін дегендер түгел досым,
Келмесе екен дегендер итім қасқа.
Толсын иен қазаққа жерім қалың,
Шырқалсын бір асқақтап төрімде әнің.
Жүрегіміз соғады бір ырғақпен,
Менің қаным бойдағы – сенің қаның.
Көрем барлық әкемдей кәриясын,
Қызғыштайын қорғаған жанұясын.
Шежіресін өткеннің шертер болса,
Сарқылмайтын о, олар дәрия шын.
Еңбегімді тұрғам жоқ бұлдап саған,
Әр үлкенің ағамдай қымбат маған.
Ешкім бетін ашпайтын «Егеменді»,
Жазды ма деп Көш жайлы күнде ақтарам.
Құрақсыңдар кіргізер өзен көркін,

Ішіндегі сол елдің сезем дертін.
Келіншектер майысып шай құятын,
Не қарындас, не әпке, не жеңгемсің.
Жатыр сені сарғайып дала күткен,
Үзбей әлі ертеңге қара үмітпен.
Кемпірлердің барлығы анам менің,
Менің балам шулаған бала біткен...
Сол қазақтан қаштық - ау қара басып,
Бер демейді ет о, олар саған асып.
Жүргені бір бақыт қой бөріктерін,
Сарыарқаның бораны ала қашып.
Паналайтын табылар қара лашық,
Бітті – ау сұмдар жандағы жараны ашып.
Жүргені бір қызық қой құжаттарын,
Алатаудың самалы ала қашып.
Көп қой бізде мұннан да, аннан қашқан,
Келеміз ғой соған бір таңғалмастан.
Жақсы емес пе даңғырлап сөйлегені,
Жүрісі де көшеде маң – маң басқан.
Тастап қойған жарамас күн қақтатып,
Өзі - ақ ашып алады қымбат кәсіп.
Сәні тіпті артпай ма ауылымның,
Жүрсе арулар үкісін бұлғақтатып.
Ауылыңның естілсе күй тұсынан,
Сергімей ме уланып ми қышыған.
Меңіреу жатқан даланы шұбырған Көш,
Ойатпай ма бір сәтте – ақ ұйқысынан...
Қандас үшін болмасқа неге шүлен,
Айырмайық құлынды енесінен.
Шетте бір тал қалмастан келсін қазақ,
Жусан исі бұрқырап денесінен!? [14].

V Бос уақыт–қоғам дамуының көрсеткіші

23-жаттығу. *Оқылым.* Мәтіннен себеп-салдарлық байланысты табыңыздар. Басты тірек сөздерді тауып, мәтіннің стильдік қызметін анықтаңызда.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек» немесе уақыт құндылығы



10-сурет – Сағат

Исламда уақытты дұрыс әрі пайдалы да сауапты істермен өткізудің маңыздылығы өте зор. Өйткені уақыт – Алла тағаланың адамға берген сыйы. Бұл мақалада баршамыз білсек те, көп жағдайда мән бере бермейтін уақыттың қадірі мен құндылығы жайлы сөз етеміз. Егер адам уақытының бір бөлігін өткізсе, өмірінің де бір бөлігі кеткені. Кім уақытын ойын-сауыққа арнаса, өмірі де содан аса алмағаны. Сол себепті жалпы мұсылман кісі, әсіресе, жастар уақытын пайдалы нәрсеге арнап, жемісін көруі тиіс.

...Бұл Құран аяттары мұсылманның уақытын жүйелеп, тиімді пайдалануына септігін тигізбек. Бір кісі жақсы ниеті арқылы 24 сағат бойы (10-сурет) уақытын жүйелеуге, яғни Алланың разылығына арнауға қол жеткізеді. Мысалы, ұйықтар алдында қалай жату керектігі, ол кезде не айтатындығы, түн ортасында шошынып оянғанда, дәрет алғанда, тамактанар алдында, үйінен шыққанда және көлікке отырғанда, тағы басқа жағдайларда не айту әрі не істеу керектігіне мән берсе, арнайы дұға оқыса, онда сол пенденің барлық уақыты Алланы еске алумен, оған босұнумен өтіп жатыр деген сөз. Қиямет күні адамнан ең алдымен уақыты мен өмірін қалай өткізгендігі қатаң сұралатынын баршамыз жақсы білеміз.

...Сүйікті пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өміріне қарасақ, оның өз уақытын өте тиімді пайдаланғанын көреміз. Өйткені, ол барлық істеріне үлгерген. Парыздарды былай қойғанда, нәпіл құлшылықтардың өзі өмірінің соңына дейін өз уақытында орындалған, әрі еш үзілмеген. Бұған қоса, ертелі-кеш жасаған дұғалары, мешітте уағыз айтуы, сахабаларымен кеңесуі, өзіне келушілерге уақыт бөлуі, науқастар мен қабірлерге зиярат етуі, халықпен жүздесуі, ел ішіндегі діни рәсімдерді атқаруы, мысалы, балаға ат қою, сүндеттеу, неке қию, жаназа, тағы басқа, барлығы да оның жоспарына сыйып отырған. Бұл істердің барлығына уақыт табылған. Бұл нені көрсетеді? Бұл күндік жұмыстарын қаншалықты жүйелей білгенін, уақытты қаншалықты тиімді қолданғанын көрсетеді.

Қазақ халқы: «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», – деп, ерте тұрып, ақыреттік және дүниелік тіршілікке кірісуге шақырған. Исламда таң намазын оқу үшін ерте тұру – әр мұсылманға парыз екені белгілі. Бір күннің бес уақытқа бөлінуі де 24 сағаттық тәулікті жүйелеп, ұтымды пайдалану

үшін берілген үлкен мүмкіндік. «Ең ізгі амал қандай?», – деп сұраған кісіге, Пайғамбарымыз: «Уақыты кірісімен оқылған намаз», – деп жауап бергені мәлім. Бұл да уақытты ұтымды пайдаланудың бір жолы.

«Қарыны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын», – деп Абай атамыз айтпақшы, адамның бос отыруы – шайтан үшін таптырмайтын мүмкіндік. Ол дереу бос отырған адамның ойына түрлі жамандық салып, азғыра бастайды. Күнәға итермелейді. Сол себепті мұсылманның өмірінде бос уақыт болмауы тиіс.

Бір ғалым кісі: «Кітабына үңілген бала, егінін егумен айналысқан егінші, тігінші, ас үйде тамақ пісірген әйел жамандық ойлауға уақыт таппайды», – деген. Олай болса, жұмысы көп адамның жамандық ойлауға да мұршасы келмейді.

Алла елшісі (с.ғ.с.) бұл турасында былай деген:

«Бес нәрседен бұрын бес нәрсенің қадірін біл:

Өлмей тұрып өмірдің,

Ауырмай тұрып денсаулықтың,

Қартаймай тұрып жастықтың,

Кедейленбей тұрып байлықтың,

Көп жұмысқа тап болмай тұрып

бос уақыттың қадірін біл!».

...Бүгінгі күні уақытты өлтіретін жаулар көбейген. Соның бірі теледидар деуге болады. Қазір теледидары жоқ үйді елестету қиын. Алайда осы теледидардың уақыттың нағыз жауы екеніне екінің бірі көңіл бөле бермейді. Орташа есеппен күніне 3 сағат теледидар тамашалайтын адамның бір жылда осыған жұмсалатын уақыты 1095 сағатты құрайды екен. Бұл дегеніңіз күндіз-түні 45 күн деген сөз. Яғни тоқтамай көрген 45 түн мен 45 күнге тең. Өте көп уақыт! Ал теледидарға босқа кеткен осы 1095 сағат ішінде қандай істер бітіруге болады, соны бір көрейік. Бұл уақыт оқушының бір жылғы орташа оқу жылынан да көп екен. Яғни 1 жыл оқымай қалдыңыз деген сөз. 1095 сағат ішінде шет тілін өте жақсы меңгеруге болады. Яғни теледидардың кесірінен біз бір шет тілін үйрене алмай қалудамыз. Ал кітап оқығыңыз келсе, өте баяу оқитын адамның өзі осыншама уақытта 25 мың беттік кітапты оқып тауысады екен.

Бұны осылай көбейте беруге болады. Міне, теледидар көрудің адамды қаншама игілікті істерден, қаншама сауаптардан құр қалдыратынын осыдан-ақ байқауға болады [15].

Ғалымжан Әбділдаұлы,
«әл-Әзһар» университеті

24-жаттығу. Тыңдалым. *Айтылым*. Өлеңді мәнерлеп оқып, алынған ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді ақын ойымен салыстырыңыздар. Келісіп не қарсы болып, диалог, монолог құрып айтыңыздар.

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Намиша өмір өтпек-ол білдірмек.

Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Омырды білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.
Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шққансып қағасың босқа бұлдыр.
Күн жиылып ай болды, он екі ай-жыл,
Жыл жыйылып қартайтып қығаны бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл [16].

VI Адам өмірін сақтау

25-жаттығу. Тыңдалым. *Айтылым*. Өлеңді мәнерлеп оқып, алынған ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді ақын ойымен салыстырыңыздар. Келісіп не қарсы болып, диалог, монолог құрып айтыңыздар.

Мен - донормын
Бәріңе!
Бәріңе!
Бәріңе!
Жасыңа да кәріңе!
Кімге қан керек?
Мен - донормын.
Шипа болар қаным бар.
Қабылдаңдар, алындар.
Менің жылы қанымның
Қасиетін таныңдар.
Жоқ!
Ақшаға сатпаймын!
Аурулар алдында,
Борышымды ақтаймын.
Өмір беріп өзгеге,
Өмірімді сақтаймын!
Мен – донормын.
Таза қан.
Сақ боласыз жазадан,
Сақ боласыз мазадан,

Қабылдаңыз?!
Көп берем де, аз алам,
Сіздегі сансыз түтікпен
Менің қаным өтеді,
Маған сол да жетеді!
Сіздегі жылы жүректе
Менің қаным соғады.
Маған сол да болады!
Сіздің мидың, біздің қан
Болып жатса қорегі.
Басқаның не керегі?!
Бәріңе!
Бәріңе!
Бәріңе!
Жасыңа да, кәріңе!
Кімге қан керек?
Кімге қан керек? [17].

26-жаттығу. *Жазылым.* Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыздар.

Өмірде күйініш, қасірет егіз екен ғой. Әке қазасы аздай-ақ. Айнашты тағы біреуі етектеп алды. Дәулет үйінде сүрініп, жіліншігін кеспелтек томарға соғып алғаны бар емес пе еді. Алғашында ет қызуымен оған мән бермеген. Алматыға келгенсін де аяғын сылти басып жұмысына шыққан. Екі апта өтпей, тіпті жүруден қалды, күп боп ісіп кетті. Дәрігерге көрінген «жіліншігің жарылыпты», - деп гипс салып, бюллетеньмен жұмыстан босатты. Әйтсе де, ауру жазылар болмады. Соңғы күндері түн баласы көз ілуден де қалды, сырқырап жанын қоярға жер таптырмайды. Үш-төрт рет Әділхан кеп: «Шыда, әлі-ақ тұрып кетесің», – деген еді, міне о да кешелі-берілі көрінбейді. Айнаш Балымды жұмсап, такси шақыртты да, поликлиника хирургіне тартты. Хирург ұзақ қарап, рентгенге түсірді де:

- Сізге ауруханаға жатып емделу керек. «Сүйек туберкулезін» емдейтін республикалық институтке барасыз. Мынау - соған жолдама, - деді.

- Шыныңызды айтыңызшы, дәрігер, менің аяғымды кесе ме? - деді ол үрейленіп.

- Жоқ, неге? Емдейді да.

- Ұзақ жатам ба?

- Сәтіне... Сәтіне қарай, пациент жолдас. Ауруды асқындырмай алдын ала емдеген абзал. Бейқамдықты қойыңыз. Тез жетіңіз. Балалық істеменіз. Ауру ойын көтермейді, - деп мосқал хирург қабағын шытты. Әжімді жүзі жыли түсіп, күлімдей қарады. - Тек қорықпаңыз, бәрі де ойдағыдай жақсы болады. Сіз жассыз ғой. Жас мүше тез жетілуге тиіс... Сөйтіп, Айнаш қаланың тау бетіндегі «сүйек

туберкулезін» емдейтін, үлкен бау-бақтың ішіндегі ауруханадан бір-ақ шықты. Өмірі мұндай ауыртпалық иығына түспеген жас қыз алғашқы кезде тарығып, талай түн өзгелерге сездірмей, одеял астында жылап та жүрді. Бертін келе тап-таза палата, құлаққа ұрған танадай тыныштық бұрынғыдай елегізгітпей өз тірлігі, қызығы бар өмірге айналды. Күніне бір мәрте Балым келіп, комбинаттағы жаналықтарды айтады, көңілін аулап күлдіреді. Әлденеше рет Абылай да хабарласып, қызғылықты журнал, газет әкеп берді. Емхананың хирургтері талай рет қарап, әлі тиянақты ештеңе айтқан жоқ. Бірде: «Осы шынымен менің аяғымның жарақаты сүйек туберкулезіне айналып па?» - деп Айнаш сұрап еді, дәрігер күлімдеп: «Әзір белгісіз, қарындас. Жазыласыз, қам жеменіз», - деді. - «Тек көп жүре бермеңіз. Балдақсыз қарыс қадам аттаушы болмаңыз. Аяққа салмақ түсірмеуге тырысыңыз, жарай ма? Аурумен күресуде біздің үлкен көмекшіміз өздеріңізсіздер. Оны бір сәтке де ұмытпаңыздар...». Ертеңіне Әділхан келді. Қомақты газетке алма, алмұрт орап әкеліп, бас жағына қойды. Алматының да қысы қаһарына мініп, аязды бола бастағанын айтты. Қызғылықты әңгіме шертіп, палатадағы қыз-келіншектерді де, Айнашты да күлдіріп отырды. Кетер жерде ғана дәрігерлерге жолыққанын сездірді.

- Не деді, Әділхан?

- Жіліншігің шатынап жарылыпты. Қалай шыдап жүргенсің? Таңым бар.

- Сонымен олар не дейді? Сүйек туберкулезі емес пе екен?

- Жарық қызыл тамырланып тұрған көрінеді. Әзір белгісіз дейді. Сен уайымдама, ондай болады, - деді Әділхан. Ол хирургтердің қауіптен: «Сүйек туберкулезі ме деп ойлаймыз», - дегенін жасырып айтпады.

- Саған, Әділхан, ақ халат үйлеседі. Халатпен ұзын боп, жасарып көрінесің, - деді.

- Уф, құдай-ай қуантып тастадың-ау. Әйтпесе, бойың аласа, шалсың деуші едің.

- Жо-жоқ. Олай деме, Әділхан, - деді Айнаш шаттана күліп.

- Қайран қазақ қызы-ай. Сенің өзге елдің әйелдеріндей бетінді тұмшаламай ашық, еркін өмір кешкеніңде осы қайсарлығың, ақылдылығың, тапқырлығың-ау. Тапқырлық дегеннен шығады. Баяғыда Абайдың бір Қияспай деген қу тілді, сөзге жүйрік досы болыпты, - деп Әділхан даусын көтере, тамағын кенеп қойды. Палатадағы әйелдер елендей құлақ түре қалды. Қызықты бір әңгіме бастарда ол ылғи өстеді. Қазір де күлімдей, желдей есіп жөнелді. – Өмірі кісіден ығып, сүрініп көрмеген әлгі Қияспай әйелден жеңіліпті дейді. Керей ауылында ақылды, тапқыр келіншек бар екен деп естиді де, ел жайлауға шыққан кезде соны да көрмек боп үш-төрт жігіт ертіп аттанса керек. Қоңақжай ел Абайдың досы, аты мәшһүр Қияспайды малын сойып, қол қусырып қарсы алады. Ет желінеді. Өлең айтылады. Шайдың мезгілі таялады. Бабына келген Қияспай келіншекті қалай тілге тартсам деп мүйіз шақшасын алып, ойланып отырды. Мәсісінің өкшесіне шақшасын қағып-қағып жіберіп, насыбайын енді атам дегенде, шай жабдығын жасап жатқан келіншек:

- Қайнаға, шақшаңызды тастаңызшы, - депті шыдай алмай.

Жалт қараған Қияспай келіншекке көз тоқтатса, әлгі сәңкиген пұшық екен. Көктен іздегені жерден табылғандай қуанып кеткен Қияспай: «Ұрымтал сәтің келді-ау, ә», - дейді де:

- Насыбай ататындай мұрын табылса, ол құрымағырың бар ғой, - деп шақшасын тастай салыпты. Келіншек үн-түнсіз қолына алып, насыбайды атады да. Қияспайға қайтып береді, жеңілтектеу жігіттердің бірінің мырс ете қалғанын да елемейді. Шай ішіліп, төсек салынар, қонақтардың да дамылдар шағы келеді. Қияспай бастаған жігіттер далаға шығып сейілдеп қайтады. Келсе төсек жайылған. Қонақтар орын-орындарына жатуға ыңғайланыпты. Қазақ құрметті мейманына қашанда төсекті ортаға, төрге салады емес пе? Қияспай қаперінде ештеңе жоқ, сол орынға кеп жайғасқалы отыра беріп, төңірегін сипалап қалады, іле лекіте күліп:

- Келінжан, бұл үйдің қонаққа деген жастығы болмаушы ма еді? - дейді.

Есік жақтағы қызыл шымылдықтың жанында күйбеңдеп жүрген келіншек күлімдей бұрылып:

- Е, тәйірі, оны жастанар бас табылса, неге болмасын, - деп құс жақтықты тастай салыпты. Сөйтсе, Қияспайдың басы таз екен ғой. Ол ұяттан жерге кіріп кете жаздапты.

Сөз қадірін білетін, тапқырлықты пір тұтатын қазақ емес пе. Сол бойда Қияспай жігіттерімен дүр көтеріліп, әлгі үйге қонбастан аттанып кетіпті дейді. Сен де, Айнаш, сол апаларыңа тартқансың-ау дейім, - деді Әділхан палатадағы қыз-келіншектерге ілесе күліп.

- Тартпасам да, сарқыншағы жұққан шығар, қайдан білесің, - деп еді сонда ол. Бүгінде міне екі көзі төрт боп Әділханды күтеді. Келетін мезгілі өтіп барады...

Театрдан шығып Балым мен Абылай далада біраз қыдырмақ еді, сарышұнақ түнгі аяз бет қарып, шыдатпады... Әбден қатты тоңғанын Абылай жылы бөлмеге кіргенде сезді, аяғы бәтеңкесіне сыймай ісініп кеткендей сыздан барады. Балым шай қойғалы далаға шығып еді, ол бәтеңкесін шешіп аяғын қос қолдай уқалап жан бітірді. Ыстық шайдан кейін, тіптен сергіп сала берді. Балымға да көзі жиі іркіліп:

- Көйлегің қонымды, неткен әдемісің, Балым, - деді ол сұқтана.

- Айнаш екеуміз барып алғанбыз. Саған шын ұнай ма?

- Иә, тамаша.

- Алғашында өзіме тіпті ұнамаған. Айнаш: «Саған лайықтап тіккендей, әсем, ал», - дегенсін көндім.

- Талғамы жақсы екен.

- Жүдә, өзі де тамаша қыз ғой. Мен оны қатты құрмет тұтам, - деп Балым орнынан тұрып, мұңая кереуетке барып отырды. - Әкесінің қазасы аздай ауру да жабысты. Бір айдан асты әлі ауруханада... Кешкі сабағынан қалғанын қойшы, денсаулығын айт та. Байғұс бала жүдеп те бітті.

Анау жігіті қалай? Кейінгі кезде сирек көрінеді дейді, рас па?

-Е, оны қойшы... Сөйдейді ғой, кім білсін. Өзі тезірек жазылсыншы... [18].

Қорытынды

Ана тілінде сөйлеу – әр жеке тұлғаның міндеті мен парызы. Қазақ тілін жетік меңгеру арқылы оқушылар барлық ғылым салаларынан білімді игеруге мүмкіндік алады. Әрбір оқушы үшін тіл - негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жана өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Тілді меңгеру арқылы оқушылар алған білімдерін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіреді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, ҚР Жалпы орта білім беретін мектептері, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Кембридж университетінің Халықаралық емтихан орталығымен бірлесіп құрастырған 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша жазылған дидактикалық материалдың мақсаты–түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу.

Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алуға дағдыланады. Мысалы: айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері төмендегі іс-әрекеттерге негізделді:

- Мәтіндегі ақпаратты тыңдау, түсіну және жеткізу;
- Өз ойын жеткізу, өз көзқарасын өзгелердің көзқарасымен байланыстыру, әртүрлі контексте ауызша берілген мәтінді тыңдау және түсіну;
- Сөздердің балама мағынасын табу, олардың мағынасын ажырата білу және сөйлемде қолдана білу;
- Өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып, оқылған материал мен оның тілдік қолданысын ажырата білу.

Оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері төмендегі іс-әрекеттерге негізделді:

- оқулық, газет-журнал, ғаламтор, постер (жарнама, белгілер), медиақұралдардан алынған мәтін ішіндегі таныс және таныс емес ақпаратты оқиды және түсінеді;

- мәтіндегі, көркем шығармадағы берілген сөздердің мағынасын ашып, көркемдегіш құралдарды ажыратады.

- Оқу барысында тілдік құрылым мен грамматиканың байланысын түсінеді.

Жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері төмендегі іс-әрекеттерге негізделді:

- ережені қолдана отырып дұрыс жазады;
- таңдаған тақырыбы бойынша жанрлары мен стильдерін түрлендіре отырып, өзіндік көзқараспен эссе жазады;
- белгілі бір стиль түрін қолдана отырып, қоғамдық-әлеуметтік және әдеби-мәдени тақырыптарға қатысты ресми, бейресми стильдерде жазады;

- жазуда көркемдегіш құралдарды пайдаланады.

Сондай-ақ, презентация, дебат, рөлдік ойындар және драманы пайдалану оқушыларға әртүрлі контексте медиақұралдар арқылы қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр: әңгімелер. -Алматы : Атамұра, 2004. - 352 б.
- 2 Нәзира Байырбек. Кедейлер кімдер [Электрондық ресурс]: i-news.kz/news/2012/05/15/641762...
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы: Санат, 2002. -150 б.
- 4 Назарбаев Н. Жаңа театр – Орталық Азиядағы ең үлкен өнер шаңырағы [Электрондық ресурс]: bnews.kz/kk/news/post/145329
- 5 Өнегелі өмір [Электрондық ресурс]: <http://akikatkaz.kz/?p=588>
- 6 Туризм [Электрондық ресурс]: el.kz/m/articles/view/content-9491
- 7 Жастар мәселесінің түйткілдері [Электрондық ресурс]: anatili.kz?p=9204
- 8 Қоғам және интернет [Электрондық ресурс]:
http://kazakh.irib.ir/index.php?option=com_content&task=view&id=8113&Itemid=43
- 9 Алмахан Мұхаметқалиқызы. Құрсақсыз ана [Электрондық ресурс]:
ult.kz/index.php/adebiet-2/1165...
- 10 Бөкей О. Кербұғы: Әңгімелер мен повесть. - Алматы: Атамұра, 2003. -204 б.
- 11 Қазақстандағы кедейшілік мәселелерінің әлеуметтік аспектілері [Электрондық ресурс]: magistr.kz/referat/show/6642/68/2
- 12 Киброгтар мен клондау [Электрондық ресурс]: kk.wikipedia.org/wiki
- 13 Мамашев Т. Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайының басты ерекшелігі – Тәуелсіздіктің 20 жылдығында өтетіндігінде [Электрондық ресурс]:
<http://www.inform.kz/rus/article/2382438>
- 14 Мұқибек А. Саған жұмыс кім істер, мен істемей [Электрондық ресурс]:
inju.kz/index.php/item/426-ауыт.
- 15 «Сағаттың шықылдағы емес ермек» немесе уақыт құндылығы [Электрондық ресурс]: <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=5907>
- 16 Абай. -Алматы: Жазушы, 1966. - 220 б.
- 17 Мақатаев М. Дариға жүрек. -Алматы: Жазушы, 1972. -155 б.
- 18 Келімбетов Н. Еліктің лағы. Повесі. -Алматы: Жазушы, 1980. -66 б.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 10-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т1) пәніне арналған дидактикалық материалдар	5
2 11-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т1) пәніне арналған дидактикалық материалдар	35
Қорытынды	60
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	62

**10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің жаңартылған мазмұны
бойынша дидактикалық материалдар»**

Әдістемелік құрал

Басуға 29.08.2014 қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Қағазы офсеттік. Офсеттік
басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 4,0.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат